СЕЙСЕНБІ
№109 (4503)
1.10.2024
www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

AIQYN

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ БАРШАМЫЗ ҮШІН ӨЗЕКТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Еуразия кеңістігіндегі орнықты даму және қауіпсіздік» конференциясына қатысып, сөз сөйледі.

Президент өз сөзінде бұрын-соңды болмаған геосаяси тұрақсыздық жағдайында дипломатия шешуші рөлге ие болғанын атап өтті.

– Геосаясат пен геоэкономикадағы түбегейлі өзгерістер, жаһандық деңгейдегі климаттық және демографиялық сын-қатерлер, пандемияның жаңа қаупі, қарулану бәсекесінің өрши түсуі, технологиялық прогресс, соның ішінде жасанды интеллектіні енгізу жағдайында стратегиялық тұрақтылық пен орнықты даму мәселелері баршамыз үшін өзекті бола түсті. Бұдан шығатын қорытынды анық: халықаралық қоғамдастық сындарлы диалогқа тың серпін беруі үшін күн тәртібіне оң өзгеріс жасауы қажет. Сондықтан біртұтас еуразиялық қауіпсіздік идеясы көпполярлы, әділетті және орнықты әлемдік тәртіпті қалыптастыруға тұжырымдамалық негіз бола алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы конференция қатысушыларына қоғамдық өмірдің барлық саласында жүзеге асырылып жатқан Қазақстандағы ауқымды өзгерістер жөнінде мәлімет берді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, саяси реформалардың ең басты жаңалығы – Конституцияда Президент мандатын 7 жылдық бір мерзіммен шектеу туралы ереженің бекітілуі.

– Мұндай норма посткеңестік елдердің, тіпті одан тысқары мемлекеттердің ешқайсысында жоқ. Менің ойымша, Президентті бір рет жеті жылға сайлау – оның сайлауалды бағдарламасы мен реформаларын жүзеге асыруға жеткілікті уақыт. Оған қоса, Президент – халық жалдаған мемлекеттік қызметкер. Елімізде Заң мен Тәртіп үстемдік құруға тиіс екеніне сенімдімін. Тек сонда ғана реформаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан экономикасына инвестиция тартуға қажетті жағдай жасай аламыз. Заң мен Тәртіп – Әділетті Қазақстанның негізі. Әділдікке қашан да, қай жерде де мұқтаждық бар. Біздің елде де солай. Қолға алған реформаларды іске асыру қаншалықты қиын болса да, діттеген мақсатымызға жетпей қоймаймыз. Оны ешкім тоқтатпақ тұрмақ, бағытынан жаңылдыра алмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы достық байланыстарды нығайтуда білім саласының маңызы зор екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, қазір Ресейде 60 мыңнан астам қазақстандық студент оқиды.

– Бүгінде елімізде Ресейдің танымал жоғары оқу орындарының филиалдары табысты жұмыс істеп келеді. Қазақстанда Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының филиалын ашу жоспарланып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Пленарлық отырыста Ресей Президентінің көмекшісі Владимир Мединский конференция қатысушыларына Владимир Путиннің сәлемін жеткізді.

Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының ректоры Анатолий Торкунов оқу орнының 80 жылдығына орай осынау іс-шараны ұйымдастырғаны үшін Қазақстан тарапына алғыс айтты.

– Біз конференция тақырыбын кездейсоқ таңдаған жоқпыз. Мұның аясында экономика және қауіпсіздік саласындағы көпжақты ынтымақтастықтың дәстүрлі мәселелері климаттық күн тәртібіндегі жаңа сын-қатерлермен, сондай-ақ Еуразия кеңістігінде энергетика және көлік инфрақұрылымын дамытудың жай-жапсарымен бірге қаралды, – деді Анатолий Торкунов.

Жиынға Қазақстан мен Ресейдің көрнекті ғалымдары, дипломатиялық қызмет ардагерлері, мемлекеттік органдар мен мекемелердің басшылары, саясаттанушылар және жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІ НЫҒАЙТАТЫН ҚАДАМ

Қазақстанда атом электр стансасының (АЭС) құрылысы – бұл қоғамда көптеген пікірталас туғызатын маңызды және көпқырлы мәселе. АЭС салу туралы сөз болғанда халықтың басты мәселелерінің бірі – қауіпсіздік екені даусыз.

→ 4

ЖАТ ЖҰРТТА ЖАБЫҚҚАН ЕҢБЕКШІГЕ КІМ ҚОРҒАН?

«Өз елінде еңбек етпей, шетелге кететіндерді қолдаудың қажеті қанша?» деген сауал туындауы мүмкін. Сарапшылардың түсіндіруінше, біріншіден, кез келген мемлекет өз азаматтарын кез келген жерде, соның ішінде шетелде де қорғауға міндетті.

→ 5

ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ:

АЭС – ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІМІЗДІҢ КЕПІЛІ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб өңірлерде тұрғындармен кездесуді жалғастыруда. Штаб мүшелері Көкшетау қаласында құтқарушылармен, еңбек ұжымдарымен, медицина саласының қызметкерлерімен және ардагерлермен АЭС-тің артықшылығы туралы әңгімелесті.

Полимерден жұмсақ қаптама шығаратын «Новопэк» ЖШС зауытының еңбек ұжымымен кездесуде штаб мүшелері өнеркәсіптік кәсіпорындардың жүйелі жұмыс істеуі үшін сенімді және тұрақты энергиямен жабдықтаудың маңызы туралы әңгімелесті. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясы жетекшісінің орынбасары Павел Казанцев АЭС – жаңа жоба ғана емес, бұл инвесторларды тартуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға қажет ұзақмерзімді шешім екенін атап өтті.

→ 3

АҚПАРАТ

1 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕЛГІЛЕДІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев палата бюросының отырысын өткізді. Онда депутаттар 3 қазан күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін белгілеп, палатаның алдағы іс-шараларын пысықтады.

Алдағы бейсенбіде сенаторлар «Биологиялық материал алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Құжаттың нормалары жануарлардың жұқпалы ауруларының таралуын болдырмауға, аса қауіпті ауруларды зертханалық диагностикасын жетілдіруге, сондай-ақ микроорганизмдердің (штаммдардың) ұлттық коллекцияларын толықтыруға және Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарын эпизоотиядан қорғауға бағытталған.

Сонымен қатар аталған халықаралық құжатта тараптардың эпизоотиялық ахуалы мен ғылыми мүдделерін ескеретін аккредиттелген және референттік зертханаларда биологиялық материалға зертханалық зерттеулер жүргізу қарастырылады. Материалды іріктеу, қаптау және тасымалдау халықаралық стандарттарға, оның ішінде Дүниежүзілік жануарлар денсаулығын қорғау ұйымының ұсынымдарына сәйкес іске асырылады.

Сондай-ақ бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін тұрақты комитеттерге бөлініп берілді.

МӘЖІЛІС

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАЙДЫ

Палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Мәжілістің жалпы отырысында Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерін Конституция нормаларына сәйкес келтіруге бағытталған заң жобасы бірінші оқылымда талқыланады. Конституциялық сот «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңның 13-бабын Конституцияға қайшы келеді деп тапты. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғаларға қатысты қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер олардың құқықтарын бұзатыны анықталды. Осыған байланысты заң жобасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мәселелерін реттейтін түзетулер енгізу көзделген.

Сондай-ақ депутаттар сотталған адамдарды беру туралы Қазақстан-Вьетнам арасындағы шартты ратификациялау туралы заң жобасын да қарайды. Құжат бас бостандығынан айыру жазасына кесілген адамдарды өз азаматтығы бар мемлекетте жазасын өтеу үшін елдер арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге бағытталған. Сонымен қатар жалпы отырыста палата комитеттері бірқатар халықаралық шартты ратификациялау туралы заң жобаларын жұмысқа қабылдайды.

ДӘНДІ ДАҚЫЛДЫҢ ДЕНІ ЖИНАЛДЫ

Вице-премьер Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен егін жинау науқаны бойынша жедел штабта жиын-терімді үздіксіз жүргізу үшін фермерлерді барлық қажетті құралдармен қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

Ауа райының қолайлы болуының арқасында 27 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстанның негізгі астық егетін өңірлерінде 13 млн гектарға жуық алқап немесе 75%-ы жиналды. Егін жинау науқанын қазан айының соңына дейін аяқтау жоспарланған. Қазір майлы дақылдарды жинау жүргізілуде.

Өнімді кептіру агрегаттары үшін арзандатылған дизель отыны мен сұйытылған газды тиеп, жөнелту және 4-сыныпты арпа мен бидайдың бағасы – жедел штаб отырысында қаралған негізгі мәселелер болды.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов хабарлағандай, 27 қыркүйекте элеваторларға 3,376 млн тонна астық түсті, оның 2,476 млн тоннасы – бидай. Бидайдың жалпы көлемінде 1,4 млн тоннасы 3-сыныпты бидай (56,2%), 701,4 мың тонна – 4-сыныпты (28,3%), 263,1 мың тонна – 5-сыныпты (10,6%) астық. Қамбаға түскен арпаның 95%-ға жуығы – 2-сыныпты арпа.

4-5-сыныпты бидай жинауды ұлғайту перспективасын ескере отырып, шаруалар осы астықтың форвардтық сатып алу бағасын мүмкіндігінше ерте жариялауды сұрап отыр. Серік Жұманғарин Азық-түлік корпорациясына келесі аптада форвардтық сатып алу бағасын жариялауды тапсырды.

Негізгі астық егетін өңірлерге астық кептіру агрегаттарының жұмысы үшін арзан бағада сұйытылған газ жеткізу басталды. Өнімді жинап, кептіруге қажетті дизель отынын тиеп жөнелту жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Күзде топыраққа енгізу үшін қажетті минералды тыңайтқыштарды жөнелту барысы жеке қарастырылды. Жалпы жоспардың 84%-ында жөнелту төмен қарқынмен жүріп жатқан өңірлер бар. Вице-премьер шаруалар тыңайтқыштарды уақытында қолдану үшін жұмыс үдерісін жеделдетуді тапсырды.

ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ ҚҰРЫЛДЫ

Елімізде су секторын дамыту бойынша серіктестердің Үйлестіру кеңесі құрылды. Оған Су ресурстары және ирригация министрлігінің, БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) мен халықаралық ұйымдардың, қаржы институттарының, донорлық қауымдастықтардың және басқа да бірқатар құрылым өкілдері кіреді.

Кеңес министрліктің, халықаралық ұйымдардың және донорлық қауымдастықтың күш-жігерін үйлестіре отырып, елдегі ұзақмерзімді экологиялық тұрақтылық пен экономикалық дамуды ілгерілетуде маңызды рөл атқарады. Үйлестіру кеңесі ресурстарды жұмылдыруға, басқаруды нығайтуға, өңірлік ынтымақтастықты кеңейтуге және су ресурстарын басқаруда тұрақты тәжірибелерді ілгерілетуге ықпал ететін болады.

«Бір жыл бұрын бұл салада жаңа министрлік құрылды. Осы уақыт ішінде негізгі үш бағытта жұмыстарды атқардық. Біріншіден, жаңа құқықтық базаны қалыптастыруға екпін қойылды. Парламент Мәжілісінде Су кодексінің жобасы қаралып жатыр және жылдың аяғына дейін осы құжат қабылдануы мүмкін. Сонымен қатар су ресурстары бағытында 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы бекіттік. Атап айтқанда, саладағы жұмыстарды жүзеге асыру үшін бүгін елордада Су секторын дамыту бойынша серіктестердің үйлестіру кеңесінің бірінші отырысын ұйымдастырдық», – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов елордада өткен жиында тілшілер сұрағына жауап бере отырып.

Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттеріне тоқталсақ, ұлттық басымдықтарға сәйкес, мемлекеттік органдардың, БҰҰДБ, халықаралық қаржы ұйымдары мен донорлық қоғамдастықтың келісілген іс-қимылын қамтамасыз ету ескерілген. Кеңес алға қойылған мақсаттарға жету үшін қаржы әрі техникалық ресурстарды жұмылдырумен және тиімді бөлумен айналысады. Су ресурстарын басқару саласында озық халықаралық тәжірибе мен инновациялық шешімдерді енгізу қарастырылып отыр. Кеңес аясында суды басқару саласындағы өңірлік ынтымақтастықты нығайту қамтылған.

ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ:
АЭС – ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІМІЗДІҢ КЕПІЛІ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб өңірлерде тұрғындармен кездесуді жалғастыруда. Штаб мүшелері Көкшетау қаласында құтқарушылармен, еңбек ұжымдарымен, медицина саласының қызметкерлерімен және ардагерлермен АЭС-тің артықшылығы туралы әңгімелесті.

Полимерден жұмсақ қаптама шығаратын «Новопэк» ЖШС зауытының еңбек ұжымымен кездесуде штаб мүшелері өнеркәсіптік кәсіпорындардың жүйелі жұмыс істеуі үшін сенімді және тұрақты энергиямен жабдықтаудың маңызы туралы әңгімелесті. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясы жетекшісінің орынбасары Павел Казанцев АЭС – жаңа жоба ғана емес, бұл инвесторларды тартуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға қажет ұзақмерзімді шешім екенін атап өтті.

«Біз аса маңызды мәселелер шешілетін дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Оның бірі – атом энергетикасы. Еліміздің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясы тапшылығы пайда болды. Аталған аймақтарда гидроэнергетиканы қамтамасыз ете алатын қуатты өзендер де, көмір өндірілетін кен орындары да жоқ. Яғни, бірден-бір дұрыс шешім – АЭС құрылысы. Күн мен жел энергиясын қазірдің өзінде пайдаланып келеміз. Алайда олар – тұрақсыз. Бүгін шайдай ашық аспанды ертең бұлт торлап тұрады. Атом энергетикасының барлық

басқа энергия көзінен айырмашылығы сол, ол ұзақ жыл тұрақты әрі қуатты энергиямен қамтамасыз ете алады. Бұл – жай ғана қажеттілік емес, заман талабы. Миллиондаған адамның жарқын болашағын қамтамасыз еткіміз келсе, біз одан бас тарта алмаймыз», – деді халық қалаулысы.

Сондай-ақ Халықтық штаб мүшелері АЭС-ті ұзақмерзімді пайдалану кезінде электр энергиясының тұрақты тарифі қалыптасатынын, бұл қадам зауыттардағы өндіріс шығынын азайтуға және олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін жеткізді.

Бұдан соң штаб мүшелері облыстық көпсалалы балалар ауруханасының алаңында өңірдегі медицина саласының қызметкерлерімен кездесті. Көмір электр стансаларымен салыстырғанда АЭС-тің зиянды шығарындылары өте аз. Яғни, экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Шығарындылардың аз болуы ауаның ластануына байланысты пайда болатын аурулар саны азаятынын білдіреді. Қазіргі заманғы ядролық технологиялар медицина саласында диагностикалау және емдеу мақсатында бұрыннан қолданылып келеді. Сонымен қатар АЭС-тің радиациялық сәулесі әдеттегі флюорографияға немесе ұшақта отырып ұзақ ұшуға қарағанда әлдеқайда аз.

«Барлық медициналық аппаратураның, КТ, МРТ-ның жұмысы тұрақты электр қуатымен жабдықтау мәселесімен тығыз байланысты. Біз АЭС қажеттілігіне 100% сенімдіміз. Атом энергетикасы адамның бүкіл өмірінде радиоактивті сәулеге ұшырауының тек 0,1%-ын құрайды», – деді жедел қызмет зертханасының аға медбикесі Ксения Герасимова.

Достық үйінде өткен ардагерлермен кездесуде АЭС-тің елдегі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі талқыланды. Ақмола облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Нұғманов бұл жоба болашақ ұрпақ үшін маңызды екенін атап өтті.

«Аулада от жағып, тамақ дайындаған 90-жылдар әлі есімізде. Себебі жарық та, газ да болған жоқ. Электр энергиясы әлдеқашан өркениеттің ажырамас игілігіне айналды. Сондықтан оның қажеттілігін талқылаудың да керегі жоқ. Бүгінде елімізде жастар саны өсіп, туу көрсеткіші артып келеді, ал жұмыс орындары әлі де жетіспейді. Біз балаларымыздың жарқын болашағын қамтамасыз етуіміз керек. АЭС – бұл ертеңгі күнге деген сенім мен жұмыс беретін жоба», – деді ол.

Осы күні штаб мүшелері Көкшетау қаласындағы №2 өрт сөндіру бөлімінің ұжымымен кездесті. Депутаттар қауымы мәртебелі мамандық иелерінің ерен еңбегін айрықша атап өтті. Өрт сөндірушілер – заманымыздың заңғар батырлары. Олар – күн сайын өзгені ойлап, өз өмірін қауіп-қатерге тігетін еңбек адамдары. Құтқарушылардың айтуынша, АЭС жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, Қазақстанға өз пайдасын тигізеді.

Жалпы, Ақмола облысының тұрғындары АЭС салу жобасына жан-жақты қолдау білдіріп, бұл бастама еліміздің тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуына қажет берік іргетасқа айналатынын жіті түсініп отыр.

Дайындаған: «Nur Media» ЖШС.
Тапсырыс беруші: М. Ж. Оспанов «AMANAT» партиясы» ҚБ қаражаты есебінен төленді

ОРАЛ – ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

Біз өмір сүріп отырған орта қауіпсіз бе? Кез келген саналы адамды осы сұрақ мазалары сөзсіз. Өзіміз өмір сүретін қала, аудан қаншалықты қауіпсіз? Көшеде түнгі уақытта алаңсыз жүруге бола ма? Жалғыз жүретін қыз-келіншекке қауіп жоқ па? Біз осы сұрақтарды БҚО Полиция департаментінің мамандарына қойдық. Сонымен, Орал қаласы қауіпсіз қалалар қатарына жата ма?

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Күні кеше ғана Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері Орал қаласында қылмыспен айналысып келген бір топты ұстаған. Олар жұрттан қорқытып, үркітіп ақша жинаумен айналысқан.

– 29 қыркүйек күні Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының мамандары Орал қаласында жастардан құралған қылмыстық топты құрықтады. Олар қалада бір студенттен 500 мың теңге бопсалап жатқан жерінен ұсталды, – деп хабарлады БҚО ПД баспасөз қызметі.

Міне, осындай оқиғалар туралы ақпаратты жиі естуге болады. Әсіресе, өрімдей жастардың нашақорлыққа салынғаны, олардың есірткі саудасына араласқаны туралы ақпараттар төбе шашыңызды тік тұрғызады. Бірақ тәртіп сақшылары қаладағы қылмыстық ахуал тұрақты деп отыр.

Орал қаласындағы адамдардың қауіпсіздігі мен тыныштығын бақылау жұмысы БҚО ПД жедел басқару тобына тапсырылған. Бұл жерде мамандар арнайы видеокамералардың көмегімен қаланы алақандағыдай көріп отырады. Жалпы, Орал қаласы бойынша 300 видеокамера орнатылған. Біз жедел басқару тобының мамандары отыратын арнайы бөлмеге келдік. Расымен де, бұл камералар арқылы қаладағы әр тіршілік иесінінің немен айналысып жатқанын анық көруге болады. Біз мамандардан бұл камералар арқылы қанша қылмыс ашылғанын сұрадық.

БҚО ПД жедел басқару тобының бастығы Берік Аксиевтің айтуынша, жыл басынан бері осы камералардың көмегімен 100-ге жуық қылмыстық іс ашылған. Камералардың көмегімен қылмыстық істерден бөлек 16 024 әкімшілік құқықбұзушылық анықталған. Оларды тарқатып айтсақ, 5 444 қоғамдық қауіпсіздікті бұзу фактісі болса, 10 580 факті жол жүру ережесін бұзуға қатысты тіркеліп отырған көрінеді.

Қазір цифрландыру кезеңінде қаланы камералар арқылы басқару ісі жолға қойылып келеді. Көшедегі жылдамдық өлшегіш камералар да біз өмір сүретін қаланың қауіпсіздігіне айтарлықтай үлес қосып келеді. Басты сұрақ осы камералар адамның бет-бейнесін анық көрсете ме?

– Бұл камералар соңғы үлгідегі камералар. Адамның бет-бейнесін, көліктің нөмірін, түсін, тіпті көліктің ішіндегі адамдарды да өте анық көрсетеді, – деп атап өтті БҚО ПД жедел басқару тобының бастығы Берік Аксиев.

«Қалада қылмыс көбіне түнгі клубтар мен бір тәулікке жалға берілетін пәтерлерде тіркеледі», – дейді тәртіп сақшылары. Бір өкініштісі, жалдамалы пәтерлерді кез келген уақытта тексере алмайтыны. Бір ғана Орал қаласында полицияның есебі бойынша 2 010 жалдамалы пәтер бар. Осы пәтерлерден полицияға қоңырау жиі түсетін көрінеді.

– Қылмыс көп болатын түнгі клубтар бар. Жыл басынан бері түнгі клубтарда 79 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді. Оның ішінде 3 факт денсаулыққа орташа және ауыр зиян тигізу фактісі, бір тонау, 37 ұрлық, 26 бұзақылық фактісі тіркеліп отыр. Біз ол жерлерге жұма, сенбі, жексенбі күндері полиция өкілдерінен кезекшілік қоямыз. Ал жалдамалы пәтерлерді қадағалап отыру мүмкін емес. Тек 102 нөміріне түскен қоңырау арқылы барып, тексере аламыз. Қаладағы жалдамалы пәтерлерді қауіпсіз деп айта алмаймыз. Ол жерлерде жастар мен әйелдер жиналып көбіне ішімдік ішеді. Ішімдік ішілгесін соңы немен аяқталары белгісіз. Жалдамалы пәтерге қарағанда қонақүйлер қауіпсіз дер едім. Себебі қонақүйлерде тіркелген қылмыстар жоқ, ал жалдамалы пәтерлерде қылмыстық оқиғалар болып тұрады. Біз жыл басынан бері түскен арыз-шағымдар арқылы жалдамалы пәтерлерге бардық. Сол кезде сол жалдамалы пәтерлерден жеке төлқұжаты жоқ 8 206 азаматты анықтады, 2 006 хаттама толтырылды, – деп атап өтті БҚО ПД ЖПҚ бастығының орынбасары Арман Дүйсекенов.

Қауіп дегенде алдымен жолдан келетін қауіпті айтсақ дұрыс болар. Қазір адамдарға ең қауіпті болып тұрғаны – жол қозғалысы. Бейбіт күнде тасжолдарда қырылып жатқан халықтың саны кімкімді де бейжай қалдырмайды. Полиция департаментінің жеке құрамы да адамдардың жолдағы қауіпсіздігін күшейту мақсатында заманауи техникаларды қолданып отыр. Себебі барлығын бірдей адам күшімен қадағалау мүмкін емес екенін айтады тәртіп сақшылары.

2024 жыл басталғалы БҚО бойынша 698 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 64 адам көз жұмған. Ал 981 адам дене жарақатын алған. Жаяу жүргіншілердің қатысымен 227 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, 13 адам қайтыс болған.

Жолдағы қауіпсіздікті күшейту мақсатында полиция қызметкерлеріне 20 дана кибер-шериф автоматты құрылғысын алып берді. Бұдан бөлек, облыста 120-дан астам жылдамдық өлшегіш құрылғылар бар. Олардың 68-і Орал қаласының көшелеріне қойылған.

– Көлік жүргізушілері қалада камера бар жерлерден өткен кезде жылдамдықты түсіреді. Тәртіп сақтап жүреді. Осыны анық байқадық. Демек, қалаға әлі де көп камера қойылуы керек деп есептейміз. Қалада камера қойылған жерлерде соңғы жылдары жол апаты тіркелмейтін болды. Қазір тек камера жоқ жерлерде жол апаттары тіркеліп жатыр. Мұның өзі көлік жүргізушілерінің тек камера үшін тәртіп сақтайтынын көрсетеді. БҚО-да 20 кибер-шериф автоматты жүйесі бар. Оның ішінде 3-еуі Орал қаласының өзінде, біреуі Ақсай қаласында. Қалған кибер-шерифтер трассаларда қызмет атқарады. Осы кибер-шерифтің арқасында біз трассалардағы жағдайды реттедік. Қазір трассаларда бұрынғыдай жоғары жылдамдықпен жүрмейді, –деп атап өтті БҚО ПД Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Александр Плешаков.

Қаладағы жол қауіпсіздігін сақтау мақсатында қойылған жылдамдық өлшегіш құралдарды халық дұрыс қабылдамай отыр деп қынжылады тәртіп сақшылары. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары БҚО жол-көлік апаттары санынан республика

бойынша алдыңғы қатарға шыққанымыз бар. Жоғарыда аталған 20 дана кибер-шериф автоматты құрылғысы сол оқиғалардан кейін алынған еді. Алайда бұл азаматтарға ұнамай отырғаны бар. Себебі көшеде ойнақты салып, тасырандап жүргілері келеді. Оның арты адам өліміне әкеліп соғып жатқаны ешкімді қынжылтпайтыны өкінішті.

– Халық арасында осындай құрылғыларды көптеп қою арқылы бюджетті толықтыруды көздейді деген ақпарат көп. Бұл – қате түсінік. Біз азаматтардан тек жылдамдықты асырмаңыздар деген талап қойып отырмыз. Егер жол ережесін сақтап, жылдамдық асырмай жүрсеңіз, сіз айыппұл төлемейсіз. Айыппұлды кімдер төлейді? Сол көшеде жол жүру ережесін бұзғандар мен жылдамдық асырғандар. Біз қала көшелерін тәртіпке келтірудің басқа жолын көрмей отырмыз. Амал жоқ, осылай әр қиылысқа камера орнатып, жүргізушілерді бағып отырмыз. Қазір орташа жол жүру жылдамдығы туралы заң жобасы қарастырылып жатыр. Бұл заң жобасы да трассалар мен қалада жүргізушілерді тәртіпке шақыруға жұмыс істейді деп үміттенеміз. Орташа жол жүру жылдамдығы деген іміз – А нүктесінен Б нүктесіне шамамен 1 сағатта жету керек дейік. Ал егер жүргізуші сол аралықты 30-40 минутта кесіп өтсе, ол жылдамдықты бұзған болып саналады. Егер осы заң қабылданса, бізге жолдағы қауіпсіздікті сақтауға үлкен көмек болар еді. Полиция көшеде көлікті тоқтатып, оған хаттама толтырып жүрмеуі керек. Цифрландыру заманында мұның бәрі автоматтандырылғаны дұрыс. Сонда полиция ұры-қарыны ұстаумен, көшедегі жалпы тәртіпті сақтаумен айналысар еді. Қалада қажетті камералар әлі де аз болғандықтан, біздің жеке құрам көшедегі көліктерді тоқтатып, тексеріп жүруге мәжбүр, – деп қынжылады БҚО ПД Әкімшілік полиция басқармасының бастығы А. Плешаков.

Қазір Орал қаласы тұрғындарының қауіпсіздігін күзетіп отырған 300 видеокамера болса, соның 120-сы жол қауіпсіздігі мен жылдамдықты өлшейді. Мамандар камералардың бәрі де тәулік бойына қосылып тұрады деп отыр. Бұдан бөлек, Орал қаласының өзінде 3 дана кибер-шериф автоматты көлігі жылдамдықты қадағалайды. Бұл заманауи видеокамераның бәрі де қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі үшін орнатылып отыр. Қалада мереке күндері барлық жеке құрам күшейтілген жұмыс режимінде қызмет атқарады. Бізбен тілдескен тәртіп сақшыларының бәрі де Орал қаласындағы қылмыстық ахуал тұрақты деп жауап қатты. Біздегі тілек те сол, ел іші тыныш болсын, тыныштықтан асқан бақыт жоқ.

ДАМУ

1 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІ НЫҒАЙТАТЫН ҚАДАМ

Қазақстанда атом электр стансасының (АЭС) құрылысы – бұл қоғамда көптеген пікірталас туғызатын маңызды және көпқырлы мәселе. АЭС салу туралы сөз болғанда халықтың басты мәселелерінің бірі – қауіпсіздік екені даусыз. 1986 жылы Чернобыль АЭС-інде, 2011 жылы Фукусима АЭС-інде және 1979 жылы АҚШ-тағы Три-Майл-Айленд АЭС-інде апаттардың тарихи мысалдары осындай апаттардың қайталану мүмкіндігіне алаңдаушылық туғызады.

Алайда Қазақстанда құрылыс үшін қауіпсіздіктің едәуір жоғары стандарттарына ие III және III+ жаңа буын реакторлары қарастырылады. Бұл реакторлардың басты ерекшелігі – стансаның сыртқы және ішкі әсерлерге төзімділігін қамтамасыз ететін активті және пассивті қауіпсіздік жүйелерінің үйлесімі. Бұл жүйелер автономды түрде жұмыс істей алады және төтенше жағдайда оператордың араласуын қажет етпейді, бұл адам факторынан туындаған қателіктердің ықтималдығын азайтады. Мұндай реакторлар үшін ауыр апаттың ықтималдығы 10 миллион жылдық жұмыс үшін бір оқиғадан аз, бұл оларды алдыңғы буын реакторларымен салыстырғанда әлдеқайда қауіпсіз екенін көрсетеді.

Егер Қазақстан халқы референдумда АЭС салуды қолдаса, мемлекет халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін заманауи жобалардың бірін таңдайды. Қарастырылып отырған технологиялардың ішіне ВВЭР-1200 (Ресей), EPR1200 (Франция), HPR-1000 (Қытай) және APR-1400 (Онтүстік Корея) реакторлары кіреді. Бұл жобалар жаңа буын реакторларға жататынын, жылу нейтрондарындағы реакторлардың екі контурлы дизайнын және басқа елдерде осындай стансаларды пайдаланудың оң тәжірибесінің болуын қамтитын критерийлер негізінде құрастырылған «шорт тізімге» енгізілген.

АЭС қауіпсіздігін бақылауды Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (АЭХА) жүзеге асырады, ол құрылыс пен пайдаланудың әрбір кезеңінде халықаралық стандарттардың сақталуын қадағалайды.

Қазақстанның атом энергетикасын дамыту саласындағы мемлекеттік саясаты базалық энергия өндіру көздерін әртараптандыруға бағытталған. Қазір елдегі электр энергиясының шамамен 70%-ын көмір электр стансалары өндіреді, олардың көпшілігі қазірдің өзінде тозған. Көміртекті бейтараптыққа көшу және климаттың өзгеруіне қарсы жаһандық күш-жігер жағдайында көмір электр стансалары өзектілігін жоғалтады. Қазақстан уран өндіру бойынша әлемде бірінші орында, ал оның қорлары көлемі бойынша Аустралиядан кейінгі екінші орында. Осылайша, атом энергиясын пайдалану тұрақты энергетикалық жүйені дамытудың табиғи қадамына айналады.

Қазақстанның ядролық технологиялар саласындағы ғылыми әлеуеті халықаралық аренада жоғары бағаланады. Елімізде атом технологияларын әзірлеумен және зерттеумен айналысатын Ұлттық ядролық орталық пен Ядролық физика институтын қоса алғанда, дамыған ғылыми-техникалық инфрақұрылым бар. Қазақстанда үш зерттеу реакторы, Қазақстандық термоядролық материалтану Токамак және ядролық медицина орталығы жұмыс істейді. Бұл ғылыми мекемелер радиациялық қауіпсіздік, экология және атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланудың басқа да бағыттары саласындағы құзыреттерді белсенді дамытуда. 2021 жылы Үлбі металлургия зауытының аумағында Қытайдың АЭС-тері үшін отын жинақтарын шығаратын зауыт пайдалануға берілді, бұл да Қазақстанның өзінің ядролық энергетикасын дамытуға дайындығын көрсетеді.

Даулы мәселелердің бірі – АЭС-тің экология мен адам денсаулығына әсері. Атом энергиясы «жасыл» энергетикаға жатады, өйткені ол көмірқышқыл газын шығармайды және жаһандық жылынуға ықпал етпейді. АЭС-ті пайдалану кезінде қуаты 1 200 мегаватт энергоблогы үшін жылына шамамен 50 текше метр радиоактивті қалдықтар түзіледі. АЭС 60 жылдан астам уақыт бойы пайдалануда болады, бұл кезде екі блокты стансада барлығы 7 200 тоннаға жуық қалдықтар өндірілетін болады. Радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеудің қолданыстағы технологиялары оларды сақтау және кейіннен көму кезінде толық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Егер салыстырсақ, көмір электр стансасының қалдықтары жыл сайын жүздеген мың тоннаны құрайды. Радиоактивті қалдықтар ешқайда төгілмейді, бірақ уақытша немесе тұрақты радиоактивті қалдықтар қоймаларында сақталуы мүмкін. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуде Ұлттық ядролық орталығының және Ядролық физика институтының тәжірибесі бар.

АЭС салатын жерді таңдау да маңызды аспект. Жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша қауіпсіздіктің барлық қажетті аспектісін және табиғи-климаттық факторларды (сейсмикалық қауіп, су ресурстарының болуы, жер бедерінің болуы, геологиялық құбылыстар және т.б.), сондай-ақ бірінші кезекте елдің оңтүстігінде электр энергиясының болжамды тапшылығын ескере отырып, стансаның қуаты 2 800 МВт дейінгі АЭС құрылысының ең қолайлы ауданы ретінде Алматы облысы Жамбыл ауданы Үлкен ауылының аумағы ұсынылды.

Сарапшылардың пікірінше, екі блокты АЭС-ті пайдаланудан судың қайтарымсыз шығыны (булануы) жылына 63 млн м3 құрайды, бұл Балқаш көлінің табиғи булануының 0,32%-на тең. Бұл ретте Балқаш көліндегі судың жалпы көлемі шамамен 108,3 млрд м3 құрайды, бұл АЭС-ті салқындату үшін қажетті көлемнен едәуір артық, демек АЭС Балқаш көліне айтарлықтай әсер етпейді.

Алайда су ресурстарына және су сапасына әсерді дәл бағалау үшін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес инженерлік ізденістер мен қоршаған ортаға әсерді бағалауды қамтитын АЭС құрылысы жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жөніндегі болашақ жұмыстар шеңберінде қосымша зерттеулер қажет болады.

АЭС Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігіне айтарлықтай ықпал ете алады. Қазақстанда жұмыс істеп тұрған жылу электр орталықтарының, су электр стансаларының және жаңартылатын энергия көздерінің болғанына қарамастан елдің энергетикалық жүйесі қазірдің өзінде электр энергиясының тапшылығына тап болып отыр, ол болжам бойынша тек ұлғаяды. Экономикалық дамуға және халықтың өсуіне байланысты өсіп келе жатқан сұраныс жағдайында 2035 жылға дейін 26 ГВт-тан астам қуаттылығы бар стансаларды іске қосуға жоспарланған. Оның ішінде қолданыстағы стансалардың жаңарту жұмыстары бар, жел мен күн электростансаларының жаңа жобалары көзделген және газ стансаларының жобалары бар. Сонымен қатар екі үлкен қуатты реакторлары бар бір атом электр стансасы қарастырылып жатыр.

Сондай-ақ Қазақстан АЭС салу және пайдалану үшін білікті мамандарды даярлауға ерекше назар аударады. Жалпыәлемдік тәжірибеге сәйкес, АЭС-ті толыққанды пайдалану үшін жоғары және орта арнаулы білімі бар шамамен 2 000 адамнан тұратын қызметкер қажет. Маңызды аспект – бұл санның шамамен 20%-ы ядролық физика және атом энергетикасы саласындағы білімі бар мамандар болуы керек, өйткені олар стансаның негізгі жүйелерінің жұмыс істеуін және қауіпсіздікті бақылауды қамтамасыз етеді. Қазір Қазақстанда атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында 17 мыңнан астам адам еңбек етуде, оның ішінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да 15 мыңға жуық қызметкер бар. Бұл елдің атом энергетикасында жұмыс істеу үшін кадрлық әлеуетті кеңейтуге дайындығын көрсетеді.

Атом саласы үшін мамандар даярлау еліміздің жетекші университеттерінде «Ядролық физика», «Теориялық ядролық физика», «Ядролық инженерия», «Атом электр стансалары мен қондырғылары» және басқа да сабақтас пәндер бойынша жүргізіледі. Салалық мамандарды даярлауға қатысатын негізгі жоғары оқу орындарының ішінде Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетін, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетін және Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетін атап өтуге болады. Білім беру бағдарламаларының маңызды элементі қос дипломды бағдарламаларды енгізуге мүмкіндік беретін халықаралық университеттермен ынтымақтастық .

Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде және Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жетекші ядролық зерттеу орталықтарының бірі Ресейдің «Дубна» университетімен бірлесіп іске асырылатын екі дипломды бакалавриат бағдарламасы жұмыс істейді. Сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Ресейдегі «МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университеті «Теориялық ядролық физика» бағыты бойынша бірлескен магистрлік бағдарламаны іске қосты.

Сонымен қатар білім алушылар Үлбі металлургия зауыты, Ядролық физика институты, Ұлттық ядролық орталығы сияқты мекемелерде, сондай-ақ металлургия саласы кәсіпорындарында алған білімдерінің әмбебаптығына байланысты ғылыми-зерттеу зертханаларында тәжірибеден өтеді.

Бұл білім беру бастамалары Қазақстанға жоғары деңгейдегі мамандарды даярлап қана қоймай, атом саласы үшін кадрлар даярлауда халықаралық стандарттарды қолдауға көмектеседі. Осылайша, Қазақстан атом энергетикасын табысты дамыту және елімізде ядролық технологияларды бейбіт мақсатта пайдалану үшін қажетті сенімді маман базасын құруда.

АЭС қызметкерлерінің, әсіресе әйелдердің денсаулығын қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Атом стансаларында жұмыс істеу иондаушы сәулеленудің әсерімен байланысты болғанымен, қазіргі заманғы АЭС-тер жұмысшылар мен халықты сенімді қорғауды қамтамасыз ететін радиациялық тәуекелдерді барынша азайтуды ескере отырып жобаланады.

Осылайша, Қазақстанда АЭС салу – бұл энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етуге, экономикалық дамуға және елдің ғылыми әлеуетін нығайтуға ықпал ететін стратегиялық қадам.

Гүлмира МҰРСАЛОВА,
Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

1. Лауазымдық міндеттері:
Қазақстан Республикасының заңнамасына және білім беру ұйымының жарғысына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;
оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің кестесін, ішкі тәртіп ережесін бекітеді;
білім беру ұйымының басқару құрылымын, штаттық кестесін, қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
білім алушылардың контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;
техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қоғамдық тамақтандыру, медициналық қызмет көрсету ұйымдарының жұмыс істеу және олардың жұмысына бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді;
жұмыс берушілермен және әлеуметтік әріптестермен жүргізілетін жұмысты ұйлестіреді;
қолда бар мүліктер мен құралдарға билік жүргізеді, оқу-материалдық базаны толтыруды және оның есебі мен сақталуын, санитарлық-гигиеналық ережелер тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;
материалдық-техникалық базаны қайта жарақтауды және қайта құруды ұйымдастырады;
педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады;
білім беру ұйымының оқыту қызметінің саласын дұрыс ұстау және кеңейту мақсатында инновациялық білім технологияларын енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді;
кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды;
үздіксіз кәсіптік оқыту жөнінде білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады;
жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (олардың орнын басушы адамдармен) жүргізілетін жұмысты ұйлестіреді;
жоғары тұрған, қоғамдық және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымының мүддесін білдіреді;
әлеуметтік серіктестік және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
уәкілетті органға (құрылтайшыға) оқу, ғылыми және қаржылық қызмет нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;
еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарын орындауды қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек етуге жағдай жасайды;
біліктілік санаттарын беру (растау) кезінде қойылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары мен басшылары орынбасарларының тиімділік көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

2. Үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары:
жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша өзге де жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік білім; білім беру саласындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы (мекеме) басшысының орынбасары немесе басшысы лауазымындағы өтілі кемінде екі жыл;
оқу орнының кадрлар даярлау бейініне сәйкес келетін бір немесе бірнеше біліктілік бойынша орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріндегі басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде бес жыл;
бейіні бойынша әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшысы (басшының орынбасары) лауазымында кемінде 2 жыл өтілі бар;
педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының, педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог – шебердің біліктілік санатының болуы (оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде);
немесе «үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» немесе «екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» біліктілік санатының немесе білім беру ұйымы «бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» не «басшы-ұйымдастырушы» немесе «басшы-менеджер» немесе «басшы-көшбасшы» біліктілік санатының болуы.

3. Білуі тиіс:
-Қазақстан Республикасының Конституциясы;
-«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі);
-Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
Қазақстан Республикасының заңдарын:
«Білім туралы»;
«Педагог мәртебесі туралы»;
«Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы»;
«Қазақстан Республикасының тіл туралы»;
«Мемлекеттік мүлік туралы»;
«Мемлекеттік сатып алулар туралы».
білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларға білім беру және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілер;
педагогика және психология негіздері, қазіргі педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктері;
басқарудың инновациялық әдістері;
экономика негіздері, қаржы-шаруашылық қызмет мәселелері;
құқық негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау ережелері.

4. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:
1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
4) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама.
Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жариялымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.
Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.
Құжаттар қолма-қол немесе почта арқылы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14-кіреберіс, 676 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.
Толық ақпаратты +7 (7172) 74-04-59 телефоны бойынша алуға болады.
Электронды пошта: l.kulzhabaeva@mki.gov.kz.

Министерство культуры и информации Республики Казахстан объявляет конкурс на вакантную должность директора республиканского государственного казенного предприятия «Алматинское хореографическое училище имени Александра Селезнева»

1. Должностные обязанности:
Руководит в соответствии с законодательством Республики Казахстан и уставом организации образования учебно-методической, научно-методической, административно-хозяйственной и финансово-экономической деятельностью;
утверждает рабочие учебные планы и программы, графики учебных процессов, правила внутреннего распорядка;
утверждает структуру управления, штатное расписание, должностные инструкции работников организации образования;
формирует контингент обучающихся, обеспечивает их социальную защиту;
обеспечивает необходимые условия для работы в организациях технического и профессионального образования, организацию общественного питания, медицинского обслуживания и контроль их работы;
создает специальные условия для организации воспитания и обучения детей с особыми образовательными потребностями, в том числе создание безбарьерной среды;
координирует работу с работодателями и социальными партнерами;
распоряжается имеющимся имуществом и средствами, обеспечивает учет, сохранность и пополнение учебно-материальной базы, соблюдения правила санитарно-гигиенического режима;
организует переоснащение и реорганизацию материально-технической базы. Руководит работой педагогического совета;
обеспечивает внедрение и привлечение инновационных технологий образования в целях поддержания и расширения сферы образовательной деятельности организации образования;
осуществляет подбор и расстановку кадров, обеспечивает необходимый уровень педагогического и воспитательного процесса, создает условия для повышения квалификации и профессионального мастерства педагогов;
осуществляет общее руководство по совместной работе с организациями образования по непрерывному профессиональному обучению;
обеспечивает связь с общественностью, координирует работу с родителями (лицами, их заменяющими);
представляет организацию образования в вышестоящих, общественных и иных организациях;
осуществляет меры по расширению социального партнерства и международного сотрудничества;
представляет уполномоченному органу (учредителю) ежегодный отчет о результатах учебной, научной и финансовой деятельности;
обеспечивает выполнение требований законодательных и иных нормативных правовых актов по безопасности и охране труда и создает безопасные условия труда;
соответствует показателям эффективности руководителей и заместителей руководителей организаций технического и профессионального, послесреднего образования, предъявляемым при присвоении (подтверждении), повышении квалификации.

2. Квалификационные требования к кандидатам:
высшее (послевузовское) педагогическое образование или иное высшее (послевузовское) профессиональное образование по соответствующему профилю; стаж педагогической работы в сфере образования не менее пяти лет, в том числе стаж в должности заместителя руководителя или руководителя организации технического и профессионального, послесреднего образования не менее двух лет;
стаж работы на руководящих должностях в субъектах среднего и крупного предпринимательства по соответствующему профилю подготовки кадров учебного заведения по одной или нескольким квалификациям не менее пяти лет;
имеющие стаж в должности руководителя (заместителя руководителя) методических кабинетов (центров) по профилю не менее 2 лет;
наличие первой или высшей квалификационной категории педагога, квалификационной категории педагога – эксперта или педагога – исследователя или педагога – мастера (при осуществлении преподавательской деятельности);
или наличие квалификационной категории «заместитель руководителя третьей квалификационной категории» или «заместитель руководителя второй квалификационной категории», или «заместитель руководителя первой квалификационной категории» организации образования либо квалификационной категории «руководитель-организатор» или «руководитель-менеджер», или «руководитель-лидер».

3. Должен знать:
- Конституцию Республики Казахстан;
- Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» (далее – Кодекс об административных правонарушениях);
- Трудовой кодекс Республики Казахстан;
Законы Республики Казахстан:
«Об образовании»;
«О статусе педагога»;
«О противодействии коррупции»;
«О языках в Республике Казахстан»;
«О государственном имуществе»;
«О государственных закупках».
государственные программы развития образования, другие нормативные правовые акты по вопросам образования и воспитания обучающихся;
основы педагогики и психологии, достижения современной педагогической науки и практики;
инновационные методы управления;
основы экономики, вопросы финансово-хозяйственной деятельности;
основы права, правила по безопасности и охране труда, противопожарной защиты.

4. Лицо, претендующее на участие в конкурсе, представляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы:
1) заявление об участии в конкурсе;
2) резюме на государственном и русском языках;
3) копии документов об образовании;
4) копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы;
5) справку по форме №075/у «Медицинская справка (врачебное профессионально-консультативное заключение)», утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 21579).
Участник конкурса может представить дополнительную информацию, относительно его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикации, а также рекомендации от руководства с предыдущего места работы и т.п.).
Прием документов для участия в конкурсе проводится в течение 15 (пятнадцати) календарных дней с момента опубликования.
Документы принимаются нарочно или через почту по адресу: Республика Казахстан, г. Астана, пр. Мангилик Ел, 8, здание «Дом министерств», 14-й подъезд, каб.676.
Подробную информацию можно получить по телефону: +7 (7172) 74-04-59.
Электронная почта: l.kulzhabaeva@mki.gov.kz.

МӘСЕЛЕ

1 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

Президент Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында шетелге табыс іздеп шығатын қазақстандықтардың еңбек миграциясына тосқауыл қоймау керегін айтқан болатын. Бұл тұрғыда өзге елдің оң үлгісін пысықтау ұсынылды. Мысалы, Өзбекстан бұл істі жүйеге түсірді. Жуырда Астанада өткен «ОА+Германия» саммитінде немістермен ұйымдасқан көші-қон туралы келісті. Неміс еліне 50 мыңдай жұмысшысы аттанады. Америка, Ұлыбритания, Швейцария, өзгесі өзбек қызметкерлеріне толды. Көрші ағайынның ізгі үлгісі, оң тәжірибесі қандай?

ЖАТ ЖҰРТТА ЖАБЫҚҚАН ЕҢБЕКШІГЕ КІМ ҚОРҒАН?

Елдар КАБА (коллаж)

ЕҢБЕК ӨМІРДІ КӨРКЕМ ЕТЕДІ

Жасыратыны жоқ, шенеуніктер өзгенің тозығынан озығын айырып, үйрену орнына «мигранттар елі» деп Орталық Азия республикаларын менсінбей, келекелеп келді. Оның соңы 2016 жылы халықаралық жанжалға ұласты: сол кездегі Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы Мәскеудегі дәретханаларды Орталық Азия елдерінің өкілдері сүртіп, жуып жүргенін айтып, мұны «өте өкінішті», ұят іс деп атады. Мәдениет министрінің мәдениетсіз ісі көршілерде дау тудырып, оған ресми түсініктеме беруіне тура келді.

Шенділердің менмен кеудесін Қазақстан Президенті басты. 2022 жылғы 16 маусымда, Ұлттық құрылтайдың I отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев шетелде жұмыс іздеуден қазақстандықтар да арланбауға тиісін білдірді.

– Мандай термен тапқан әр тиын – нағыз ардың ісі, Абай айтқан «толық адамның» еңбегі екенін жастардың санасына тоқуымыз қажет. Бұрынғы бір министріміз бауырлас көрші мемлекеттің азаматтарын келеке қылғаны бар. Олар Ресейге барып, қара жұмыс істеуге мәжбүр, ал біз, қазақтар, ондай жұмысты істемейміз, бақытты халықпыз деп айтқан. «Естімеген елде көп», әрине. Бұдан өткен сорақылықты ойлап табудың өзі қиын. Еңбектен қашқан адам кеудесін ұрып, мақтанбай, керісінше, ондай әрекетінен ұялуы керек, – деді Қ.Тоқаев.

Президент адал жұмыстан қашып, жеңіл табыс іздеген қазақ жастарының құмарпаздыққа салынғанына қынжылыс білдірді. Қазақстанда оқығысы, жұмыс істегісі келмейтін 34 жасқа дейінгі NEET санатындағы жастар саны 400 мыңдай екен. Олардың ел, жер көріп, шетелде еңбек етуін дұрыс ұйымдастырса, мұның пайдасы болуы мүмкін. Мұны өзбек ағайынның озық, дайын үлгісінен көруге болады.

Қазақстан бұл жұмысқа енді кірісіп жатыр. Еңбекмині мәліметінше, республика бірқатар мемлекетпен, негізінен, ТМД елдерімен «Еңбекші көшіп-қонушылардың еңбек қызметі және құқықтарын қорғау туралы келісім» бекітті. Айырмашылығы сол, Өзбекстан нақты бір елмен, көбіне Батыс мемлекеттерімен соған баратын өзбек еңбекшілерінің жұмыс істеу жағдайларын жеңілдетуге, құқығын қорғауға келіседі. Ал Қазақстанның бекіткен келісімдері екіжақты болып келеді. Мысалы, «Өзбекстандағы Қазақстанның және Қазақстандағы Өзбекстанның еңбекші көшіп-қонушыларының еңбек қызметі және құқықтарын қорғау туралы келісім».

Әлеуметтанушы Нұрхан Біләлдің айтуынша, мұның кемшілігі бар: біріншіден, ондай екіжақты келісімдер өте ұзақ дайындалады. Қарсы тарап өз мигранттарын қорғаудың жолдарын іздестіреді, өз елінде түрлі ортада консультация өткізіп, рекомендациялар жинайды, келісім жобасын келісу рәсімдерін өткізеді. Бұл бірнеше жылға ұзайды.

«Екіншіден, азаматтары Қазақстанға жұмыс іздеп, жаппай ағылмайтын бай, дамыған елдер мұндай екіжақты келісім бекітуге құлықсыз. Елімізге келетін шетелдік санаулы маманы онсыз да еңбек контрактісімен қорғалған. Өзбекстан болса, өзге елдерге тек өзбектің жұмыс күшін жолдау туралы келіседі. Сәйкесінше, келіссөз нысанасы нақты. Қазақстанның келісіміндегідей, «еңбек көші-қоны процесін құқықтық реттеу және екі мемлекет арасында жұмыс күшінің өтуі үшін қолайлы жағдайлар жасау» дегендей жалпы ұғыммен шектелмейді. Мысалы, Швейцарияға бір жылда қанша маман жолдайтынын нақты көрсетеді, олардың біліктілігін, қылмысқа қатыстылығын тексеруге, тіл үйрету курстарынан өткізуге нақты міндеттемелер алады», – деді Н.Біләл.

Ол өз ұсыныстарын Еңбек министрлігіне жолдағанын айтады. Ең бастысы, Қазақстанда осы бағыттағы жұмыс басталғанына екпін түсірді. Соның нәтижесінде еліміз алдағы жылдары 9 елмен қазақстандық еңбек мигранттарының құқығын қорғау туралы келісімдер бекітуі мүмкін. Бірақ сарапшы шетелдегі қазақстандық еңбеккерлердің құқығын қорғаумен айналысатын жеке орган не ұйым жоғына назар аударды. Бұл дипломатиялық өкілдіктерге, консулдықтарға қосымша жүктелген.

Біз шетелдегі қазақтармен қарым-қатынасты нығайту үшін құрылған «Отандастар қорымен» де хабарластық: «Сіздер шетелде жұмыс істеп не іздеп жүрген қазақстандықтарға көмектесесіздер ме?» деген сұраққа, қор өкілдері: «Жоқ, «Отандастар қоры» шетелдегі қазақтарға атажұртқа көшіп келгеннен азаматтық алғанға дейін ақпараттық қолдау көрсетеді», – деп жауап қатты.

ШЕТЕЛДЕГІ ЕҢБЕКШІГЕ НЕ КЕДЕРГІ?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауынша, қазақстандық жұмысшылар табыс іздеп, көп баратын елдермен бірге еңбек мигранттарының құқығын қамтамасыз ету бойынша екіжақты келісімдер жобалары әзірге пысықталып жатыр. Қазір Түркия, БАӘ, Сауд Арабиясы, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Израиль, Германия, Латвия, Жаңа Зеландия сияқты елдермен арадағы келісімдердің жобасы дайын. Бірақ олардың қашан қабылданып, күшіне енетіні белгісіз.

Тек Қатармен арада қазақстандық жұмысшыларды жалдауды реттеу туралы келісімге қол жеткізілді. Тиісті құжатқа 2024 жылғы 14 ақпанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен елге сапарлап келген Қатар әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни қол қойды. Құжат қазақстандық еңбекшілердің Қатарға кіруі, тұруы және одан кету тәртіптерін регламенттейді, олардың жалақысын уақытылы алып, еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша құқықтарын қорғайды. Өндірістік жарақат алса, өтемақы төлеу мәселелері қарастырылыпты. Құжатты енді екі елдің парламенттері ратификациялауы керек.

Министрлік мамандары қазақстандық жұмысшылардың қандай да бір елге ұйымдасқан түрде, топпен жұмысқа тұрғызылуын нақты көздейтін контракт немесе келісім жоғын түсіндірді. Мысалы, бұған дейін Aiqyn Оңтүстік Кореяға жұмыс іздеп барып, қиындық көрген, тіпті көз жұмған қазақстандықтар туралы жазды. Проблема сақталып қалды. Еңбекмині Қазақстанды осы елдің Employment Permit System жүйесіне енгізу бойынша жұмысты аяқтаған жоқ. Оған енсе, қазақстандықтар осы елде заңды түрде жұмыс істей алар еді.

Сарапшы Нұрхан Біләл тағы бір мәселені көтерді. Оның ұлы АҚШ-тың Флорида штатында тұрады екен, оның кандидаттық ғылыми атағы бұл елде мойындалмайды. Сондықтан ғылыми дәрежесін қайта қорғауға тура келіпті. Сол сияқты қазақстандық ЖОО-лардың дипломдары да мойындала бермейді. ТМД аясында оған мүше елдердің бірыңғай білім кеңістігін қалыптастыру туралы келісім сонау 1992 жылдан бері күшінде. Алайда бұл бағытта іс ілгерілемей тұр. Ресей Болон жүйесінен шығып кетті, өзге елдер сол жүйеде дамып жатыр. 2007 жылы Қазақстан Қытаймен де білім және ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімге қол қойды. Соған қарамастан, ҚХР қазақстандық дипломмен жұмысқа алмайтын көрінеді.

> **Қазақстан бұл жұмысқа енді кірісіп жатыр. Еңбекмині мәліметінше, республика бірқатар мемлекетпен, негізінен, ТМД елдерімен «Еңбекші көшіп-қонушылардың еңбек қызметі және құқықтарын қорғау туралы келісім» бекітті. Айырмашылығы сол, Өзбекстан нақты бір елмен, көбіне Батыс мемлекеттерімен соған баратын өзбек еңбекшілерінің жұмыс істеу жағдайларын жеңілдетуге, құқығын қорғауға келіседі.**

Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек еңбек иммиграциясында мұндай проблема барын жасырмады. Тіпті, ТМД елдері бұл салада ұлттық процедураларды қолданады, олар өзара үйлестірілмеген.

– Дипломдарды өзара тану туралы шет мемлекеттермен, соның ішінде ТМД елдерімен жеке, екіжақты келісімдер бекіткен жоқпыз. Өзбекстанмен, Еуразиялық одақ елдерімен жоғарғы білім мен ғылым туралы жалпы келісімдер ғана бар. Ол екіжақты, көпжақты базалық келісімдер де ұлттық процедураларға сілтеме жасайды. Сондықтан дипломдарды өзара танудың ортақ механизмдері пысықталмады, – деді министр С.Нұрбек.

Ғылыми дәрежелер бойынша ілгерілеушілік бар. 2024 жылғы сәуірде ел Парламенті «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді» ратификациялады. Оған сәйкес, ЕАЭО-ның 5 мемлекеті бірбірінің ғылыми дәрежелері туралы құжатын еш растаусыз мойындайды.

– Келісімге сәйкес, одақта ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды мойындаудың барлық рәсімі тек еңбек мигранттарына таралады. Мысалы, қазақстандық ғалым Ресейге барып, ғылыми дәрежесіне сәйкес кәсіби қызметін жүзеге асырса, осы тетікті пайдалана алады. Оның қолында еңбек келісімшарты болуы керек. Егер келісімшарты болмаса, ЕАЭО елдерінде сол бұрынғыдай дәрежесін тану мемлекеттік қызметіне жүгінуге тиіс. Тексеріліп, расталса, нострификация немесе эквивалент туралы куәлік ала алады. Қалай болғанда, бұл – одақ аясында еңбек мигранттарының ғылыми дәрежесін автоматты танудың алғашқы тетігіне айналды. Қытайға келсек, 2007 жылы жеке келісім бекітілді. Онда ұлттық процедуралар қолданылады, – деді министр Саясат Нұрбек.

Яғни, автоматты мойындау деген жоқ. Соңғы үш жылда министрлікке Қытайда диплом алған азаматтардан оны тану туралы 39 өтінім түсіпті. Оның 17-сінен бас тартылған, 22-сі расталды.

ӨЗБЕКТЕРГЕ 2 200 ЕУРО ЖАЛАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ

Бұл тұрғыда еңбек миграциясы саласында Ресейге тәуелділіктен құтылған «өз ағамыз» өзбек елінің кейбір тәжірибесі үлгіге тұрарлық. Биылғы 16 қыркүйекте Самарқанда Германия канцлері Олаф Шольц пен ӨР Президенті Шавкат Мирзиёевтің келіссөздерінің қорытындысында ГФР мен Өзбекстан осы елдің білікті жұмысшыларының неміс еліне баруын оңайлататын бірегей келісімге қол қойды. Құжат «Миграция мен мобильділік саласында жан-жақты серіктестік туралы ГФР және ӨР үкіметтері арасындағы келісім» деп аталады.

Ташкент жақсы табыс іздеген азаматтарының әлемнің әр еліне өз бетінше қаңғыруы, сөйтіп, адам саудасының, қылмыс әлемінің құрбанына айналмауы, шетелде лайықты жұмыс тауып, білікті маманға айналуы үшін үш жыл бұрын еңбек миграциясын жүйелі жолға түсірді. Бұл мақсатта тек шетелдік көші-қон мәселелерімен айналысатын жеке органды – Сыртқы еңбек миграциясы агенттігін (СЕМА) құрды.

Агенттік басшысы Бехзод Мусаевтың айтуынша, аталған келісімге сәйкес, Германия жыл соңына дейін өзбектің 800-ден аса мейірбикесін қабылдап, оларға айына кем дегенде 2 200 еуро (шамамен 1 млн 175 мың теңге) жалақы төлейді. Мұның сыртында ГФР өзбектің теміржол пойызы, автобус жүргізушілерін, медицина қызметкерлерін дайындайды.

Б.Мусаев емтиханнан сүрінбей өткен өзбектер ұйымдасқан тәртіппен өзі үшін сайланған жұмыс орнына тұруға неміс еліне аттанатынын қосты. Олар жұмыс істей жүріп, жоғары технологияларды меңгеру үшін оқытылады. Келісім өзбек жұмыскерлеріне Шенген аймағындағы Германияда жеңілдетілген визалық рәсім қарастырады, жақсы жалақы төлейді. Өз кезегінде өзбектер еңбек міндеттемелерін адал атқаруы, жергілікті қоғамдық тәртіпті бұзбауы, қылмыс жасамауы керек.

Қазір германиялық компаниялар СЕМА арқылы ресми түрде Өзбекстанға 50 мың бос жұмыс орнын ұсынып отыр. Оның бәрін қамту үшін оңтүстік көршімізде агенттіктің ұйымдастыруымен ересектерге неміс тілін тегін, қарқынды түрде үйрететін орталықтар желісі өрістеді. Өзбектерді жұмысқа алу үшін ГФР Еңбек министрлігі төл Ausbildung бағдарламасын енгізді. Ол өзбектерді неміс елі үшін қажет нақты кәсіптерге жеделдетіп, терендетіп оқытудан, еңбеккерлердің теориялық, практикалық білімді қатар игеруінен (дуальді білім) тұрады.

Посткеңестік кеңістік елдерінің дипломы Батыста мойындалмайды, сол себепті өзбек мамандарына да арнайы оқыту курстарынан өтіп, сертификат алуына тура келеді. Немістер өзбек еңбеккерлерін сондай-ақ машинажасау, металлургия, көлік пен логистика салаларына белсенді шақырып жатыр.

ЕУРОПА НЕГЕ МИГРАНТТАРҒА МҰҚТАЖ?

Ташкент өз азаматтарын Батыс елдерінің фермерлік шаруашылықтарына орналастыруға да күш салады. Соның арқасында 2022 жылдан бері британ патшалығының фермалары мен егістіктері өзбек еңбеккерлеріне толды. Бір қызығы, бүгінде Ұлыбританиядағы еңбек мигранттарының саны жөнінен Өзбекстан Украинадан кейінгі екінші орынға шықты. Оларға орта есеппен 2 мың фунттай (шамамен 1,3 миллион теңгедей) жалақы тұрақты төленеді.

Қазір Еуропада халықтың қартаюы, демографиялық дағдарыс жаппай тіркелді. Жұмыс күшінің серпінді азаюына еуропалық жастардың қара күшті қажет ететін жұмысты істегісі келмейтіні, кеңседе отырып, тез баюды мақсат тұтатыны да ықпал етеді. Осы орайда ӨР Сыртқы еңбек миграциясы агенттігі 2022 жылғы сәуірде Швейцариямен келісімге келгенін жариялады. Сол жылы швейцариялық Globogate Recruiting ұйымы өзбекстандық орта буын мамандарын тарту бағдарламасын әзірледі. Онда да неміс тілін білетін өзбек жұмысшыларына сұраныс зор.

Жалпы алғанда, Өзбекстан Президенті биыл ұйымдасқан түрде 100 мың азаматты шетелдегі жоғары жалақылы жұмыстарға орналастыруды тапсырды. Агенттік бұл жоспар орындалатынын білдірді.

Осы арқылы Өзбекстан ТМД кеңістігіндегі миграциялық тығырықтан шықты. Өйткені бұрынғы онжылдықтарға Өзбекстанның еңбек мигранттары нәпақасын Қазақстан мен Ресейден табатын. Қазақстан үш жыл бұрын келімсектердің ағынын күрт шектеді. Өзбекстан Президентінің баспасөз хатшысы Шерзод Асадовтың мәліметінше, 2016 жылға дейін 4-6 миллионға дейін өзбек азаматы Ресейге жұмыс іздеп аттанатын. Бүгінде бұл сан 1 миллион адамға дейін азайды. Сонымен бір мезгілде ресейлік жұмыс берушілер құрылыс, жөндеу, жүк арту және басқа жұмыстарды атқарғаны үшін өзбек мигранттарының талап ететін ақысы еселеп қымбаттағанына шағымданады. Бұрынғыдай арзанға істейтін өзбек жұмысшысын Қазақстанда да таба алмайсыз.

Соның арқасында еңбек мигранттары санының кем дегенде 4 есе азайғанына қарамастан, олардың өз еліне жолдайтын қаражаты сонша есеге күрт өскен. ӨР Орталық банкінің мәліметінше, 2016 жылы өзбектердің Ресейден жіберген қаржысы 2,7 млрд долларды құраса, 2023 жылы бұл сома 8,58 миллиард долларға жетті. Жалпы, 2023 жылы шетелдегі өзбек мигранттары Отанына 16,1 миллиард доллар аударған! Осының арқасында олар өз елінің қосымша инвесторына айналды. 2024 жылдың бірінші жартысында олардың Өзбекстанға аударған қаржы аударымдары былтырғы бірінші жартыжылдықтағыдан (5,2 млрд) тағы 25% артып, 6,5 миллиард долларға жетті. Жыл қорытындысында 20 миллиардқа жуықтап, рекорд орнатады деп күтіледі.

«Өз елінде еңбек етпей, шетелге кететіндерді қолдаудың қажеті қанша?» деген сауал туындауы мүмкін. Сарапшылардың түсіндіруінше, біріншіден, кез келген мемлекет өз азаматтарын кез келген жерде, соның ішінде шетелде де қорғауға міндетті. Екіншіден, мүлдем көшіп кеткендермен салыстырғанда, шетелге уақытша кеткен еңбек мигранттарының үлкен бөлігі өз Отанына қарасады. Мысалы, табысының бір бөлігін атажұртта қалған отбасына аударады. Жатжұртта тәжірибе жинап, бизнесін өркендеткен соң еліне оралып, жаңа кәсіпті дөңгелеткен немесе компаниясының филиалын ашқан мигранттар бар. Осындай азаматтарын демеп, еңбекті бәсекелестік деңгейіне көтерген мемлекеттер жетерлік. Соның арқасында олар адами капиталын дамытып, сапалы өнімдерімен жер жүзін мойындатып отыр.

Елдос СЕНБАЙ

ЭССЕ

1 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

Кіндік қаным тамған ауылым не сол елдің адамдары туралы жазарда менің есіме ылғи Әбдіжәміл Нұрпейісов түседі. Олай болатын жөні бар, Аралдың алтын тамырының сонау 1960 жылы жазған «Туған жер» деп аталатын керемет эссесі ең алдымен ойға оралады. Балағымнан құм бұрқыраған балалық шағымды сағынғанда да осы жолсапар очеркті тағы бір оқып аламын: «Туған жеріңді мақтаса, тап бір өзіңді мақтағандай төбең көкке жетеді. Көңілің өсіп, аруақтанып қаласың. Өйткені ол – шыр етіп жарық дүниеге келгенде алғаш рет жауырының тиген, кіндік қаның тамған жер. Баяғы бала кезінде осы даланың май топырағын жалаң аяғыңмен бұрқылдатып басып, зырлап жүгіріп, қозы-лақ қуып өстің. Табаныңа осы даланың шөңгесі кірді. Саршатамыз шілдеде осы даланың топырағы қайнап, табаныңды шоқтай қарып күйдіріп бара жатқасын есіңде ме, сен кенет тұра қалып кір-кір тұмсығыңның ұшын қинала кіржитіп, екі аяғыңды алма-кезек көтеріп, желге қақтырып алатын едің де, зырлап жүгіре жөнелетінсің.

САНАДАҒЫ САРЫТАП САҒЫНЫШ

Мінін жасыратын кісілер болады. Туысынан тым аса қуысшыл келе ме, әлде шамшыл, әлде секемшіл келе ме, әйтеуір қалай болғанда да ондай кісілер өз намысына өзі өртеніп, жұрт білетін мінін шалғайымен жапқандай қымтап болады. Со сияқты туған жерінің мінін өз бойындағы мініндей көріп, оған да намыстанып, өртеніп, шамаң келсе оны да шалғайыңмен жапқандай боп жүресің».

«Мінін жасыратын кісілер болады» дегеннен шығады, менің бойымда бір кемшін болды: жігіт шағымда ару Алматыда жүргенімде атағы жер жаратын бір жерлесімді жағалаған емеспін. Марқұм әкем айтып отыратын: «Жетектеген төбет қора көрмейді. Өмірде өзіңе сен, не болса да өзіннің бақталайыннан көр. Кісі жағалап, жағдайыңды жақсартамын деме!». Әке өсиетіне адалдыққа не жетсін?! Аманатқа қиянат жасағың келмейтін кей тұстарда кісікиік болып кеткен кездер аз емес.

Оқуым жазу-сызудың айналасында болғандықтан, ең құрығанда Алматы шаһарында тұратын аралдық ақын-жазушыларға барып, жөн-жосығымды айтуға да болатын еді-ау! Жоқ. Университетті бітірген соң да шалғайдағы аудандық газеттерде жұмыс істеп, тіптен алшақтап кеттім. Түйықтықтың томағасын сыпырып, «қоғамдық саяқ» категориясының элементтерінен бертінде, ғасыр аяғына таман арылдым десем болады. Онда да жақынырақ араласқаным Әбе (Әбдіжәміл Нұрпейісов) мен Қуаныш Жиенбаев болды. Марқұм Жақау Дәуренбек ағамның бірде маған қалжыңдап айтқан сөзі әлі құлағымда тұр: «Осы сен адамдармен жүре амандасасың, сосын көтерілмей қалдың».

Қазір қарап отырсам, осы ісіме өкінемін. Жабысып қалудың қажеті жоқ шығар, бірақ алдымдағы ағаларыма сәлем беріп, жай бой көрсетіп қайтқанның несі айып еді?! Осы өкініш әсіресе Жақсылық Түменбаев ағамды ойлағанда өзекті өртей түседі. Студент кезімізде «Жалынның» жабық бәйгесі» деген болды. Сол кезде оның мәртебесі Мемлекеттік сыйлықтан жоғары көрінетін. Себебі – біреу. Аталмыш сыйлық барынша әділетті берілетін. Міне, сол сыйлықты Жақсылық аға бірнеше рет алды. Жетпісінші-сексенінші жылдары Алматыдағы ең оқылымды жазушы болатын. Ол атақты ҚазТАГ-та бас редактордың орынбасары болып еңбек етті. Біздің оқу ғимаратымыздан бие бауындай жердегі агенттікке барып, сол кездері әр әңгімесі мен хикаятын оқып жүрген сүйікті жазушы ағама сәлем беріп, таныспағанымма әлі күнге дейін өзімді қоярға жер таппаймын.

Сөз өнерінің суверенитетін Құдайындай көретін Жақсылық Түменбаев бір эссесінде былай деп жазады: «Адамның кейбір қызықты сәттері болады. Күнделікті тіршіліктің күйбеңі арасында кейде әлдеқашан естіген бір сөзің, әлдеқашан көрген бір қылығың ойыңа сап ете түседі. Баяғыда бір жүздескен адамыңның жалт еткен ерекше бір кейпі көз алдыңа келе қалатыны бар. Содан сол бір ауыз сөз, сол бір қылық, әлгі бір кейіп көпке дейін ой-сезіміңді әлдилеп, тербейді де жүреді, ішпей-жемей рақат бір күйге бөленесің. Осындай сәтті сыйлаған адамың тірі болса басқан ізін, о дүниелік болса аруағын айналуға барсың. Өйткені мұндай сәт адам басында көп бола бермес».

Осындай ғажап сезімді жеріне жеткізіп жазған сыршыл да лирик жазушымен көзінің тірісінде бір дидарласпағанымма әлі өкінемін. Неге? Біріншіден, осындай ой қуған ақық жанның кейін өзім естігендей ғажап кісі болғанына шүбә келтірмеймін. Мұндай сезім мен логикаға толы тосын ойды көңіл астары ояу адам ғана айта алады. Ал енді осындай көшелі кісімен мүмкіндігің бола тұра өміріңде бір рет болса да жүздесе алмағаныңа қалай қынжылмайсың?! Жалғыз кездесудің өзі өміріңе азық болатын сәттер аз емес қой.

Екіншіден, тірісінде араласпағаныңмен, кейіннен әлгі адамның көркем кісі болғанын басқалардан естіген сайын өкінішіннің орнын толтыру тіпті мүмкін болмайды екен. Оның үстіне, Жақсылық аға қайтыс болғаннан кейін тағдыр оның ұлы Мұхтармен, одан соң асыл жары Несібелі Қартбайқызымен бірге жұмыс істеуді маңдайға жазды. Ал аяулы қызы Саяға Журналистика факультетінде дәріс оқығаным бар. Тұла бойы тұңғышы Мұхит ініммен де араласудың талай рет сәті түскен.

Мен Жақсылық ағаның парасатты портретін сол кісілердің айтқаны бойынша санамда жаздым. Бекзат суреткердің бойындағы барлық қасиет, дәлірек кестелесем, жазушылық шеберлігі мен адами болмысы маған бір-бірімен біте қайнасып, ұлы гармонияға ұмтылған тұтастықтай көрінеді. Жақаңды еске алу сол монолит құбылыстың саф ауасымен тыныстауға мүмкіндік беретінін несіне жасырайын?! Жақсылық ағамның жадымда қатталып қалған дегдар болмысы енді келіп санамда сарытап сағынышқа айналғанын бүгін ол туралы естелік жазу үстінде бір-ақ білдім.

Жақсылық ағамның сөзін тағы қайталауға тура келіп тұр: «Осындай сәтті сыйлаған адамың тірі болса басқан ізін, о дүниелік болса аруағын айналуға барсың». Осы сөздерді ой елегінен қайта-қайта өткізіп отырған мен оның көзін көрмесем де, сөзін көргендей сезімде отырмын. Иә, мұндай сәт адам баласында көп бола бермес. Осындай сәтті сыйлаған о дүниелік ағамның аруағынан айналдым. Баяғыда бір жүздесудің сәті түспеген ағамның сарғайған газет беттеріндегі жалт еткен ерекше бір кейпі көз алдыма келе қалатыны бар. Содан сол әлгі бір ауыз сөзі, әлгі бір басылым бетіндегі кейпі ой-сезімімді әлдилеп, тербейді де жүреді, ішпей-жемей рақат бір күйге бөленесің. Көңілге сол – медеу.

Биыл – ой күзетіп, қарасөз қорыған қарымды қаламгер Жақсылық Түменбаевтың 80 жылдығы. Төрт мүшелінде мына жалған өмірден дәрілбақиға асығыс аттанып кеткен ағам тірі болғанда қазақ әдебиетіне талай олжа салар еді. Оған күш-қуаты да, ақыл-парасаты да, дарын-таланты да жететін. Нағыз кемел шағына келген тұста өмір жібінің үзілгеніне егілесің. Бірақ Жақаң тіршілігінде, басаяғы жиырма жылдың ішінде талай дүниені жазып қалдырды. Соның қадір-қасиетіне жетіп алсақ та жақсы-ау! Әрине, кезінде қазақтың көрнекті қаламгері Сафуан Шаймерденов бір мақаласында ағам туралы ағынан жарылып айтқаны бар: «Мен Жақсылық Түменбаевтың «Жұлдыз» журналында басылған «Ауыл шетіндегі үй» повесін оқыған едім. Ол повестің ұнағаны соншалық, газет, журнал беттерінен осы авторды әманда іздеп жүретінді шығарғанмын». Өзінің алдындағы аға буын өкілінің термелі тебіренісін тірі кезінде естіген Жақаң жазушылық бағасын біліп кеткеніне шүбә келтірмеймін.

Тарам тіршіліктің құнын да, мәнін де асқан ыждағаттылықпен ұңғыл-шұңғылына дейін үңгіп, фәнидің басқа адамдар білуге құлшына қоймайтын тұстарын да түгелімен санасына електен өткізіп барып сіңірген, жер бетіндегі жұмыр басты пенденің ең басты миссиясын мүлтіксіз жыға танып, сол міндетін жазушы ретінде барынша толық орындау жолында жүйелілікпен және жанқиярлықпен өмір сүрген Жақсылық Түменбаев туралы жуырда ғана бір кездескенімізде қазақтың қазіргі біреу де болса, бірегей сыншысы Құлбек Ергөбек ағамның әңгіме арасында аяқ астынан айтқан алғаусыз пікірі де жүректі лүп еткізді.

Тірі кезінде жаны сұлу жазушы ағам Қажығали Мұханбетқалиұлы да өзіне тете рухани інісін аузынан тастамайтын: «Шіркін, Жақсылық өте талантты жазушы еді. Шымыр шығармалары шаш етектен. Соған қарамастан ешқашан елдің алдына шығуға ұмтылмайтын. Ұстамды жігіт болатын. Оны бағалауға келгенде басқалардың сараңдық танытқанына әлі де ішім ашиды».

Сондықтан да сүбелі сөзге ғана иек артқан талантты жазушы Жақсылық

Түменбаевтың туындылары өзінің түп төрелігінің төріне озды деп айту қиын. Алпысыншы жылдардың аяғында, жетпісінші жылдардың басында әдебиетке шерулеп келген шарқайрақ шоғырдың ішіндегі сөз саптауы сирек кездесетін суреткердің әлі де әдебиеттанушылар тарапынан лайықты бағасын алатынына сенгің келеді.

Өмірден ерте өткен дарын иесі Жақсылық Түменбаев шығармаларының ішіндегі шоқтығы биігі – «Ауыл шетіндегі үй» повесі. Осы туындысымен әдебиет аламанына аптықпай еніп, оқырмандарының ықыласына бөленді. Бұл шығармада қазақ ауылының бейнесі, сонда өмір сүрген адамдардың тағдыры, сол кездегі қоғам қайшылығы айшықты суреттелген. Айтары жоқ, жазушы шығарманың басында шеткі үйдің иесін суреттеуінен-ақ оқырманды елітіп әкетеді: «Омарғалидың жас кезінен бері сүйегіне сіңген әдеті боз ала таңнан тұрады. Мұнысына жұрт бір кезде сүйсінетін: «Ерте тұрған жігіттің ырысы артық емес пе?» Қазір күледі: «Осының не шаруасы қалып барады екен». Бірақ оның ерте тұрғанынан әзір зиян көрген ешкім жоқ.

Омарғали – қазір кемтар кісі. Оң аяғын сүйретіп басады, оң қолы жансыз бос салбырап, бұйдасын шұбатқан түйеше бір қырымен жүреді. Сонысына қарамай ол артынан біреу қуып келе жатқандай ылғи асығыс, істеген ісінің бәрі тез. Оның қауға тартқанын көрсеңіз: қауғаны құдыққа сау қолымен салады, сосын жұлқи бір тартып, оң қолтығына қысып алады да, екінші тартқанда шелекті науаға төңкереді».

Сұңғыла суреткер осылай жазса керек. Болмашы бір көрініс сомдағалы отырған образын оймақтай оймен түю шарболаттай шын шебердің қолынан келсе керек. Құдайшылығымызға құлдық ұрсақ, дәл осы шығарма өмір шындығын айна қатесіз көрсетуімен, адамның ит-тіршілігін адами жеткізуімен шедевр дүние деңгейіне көтеріліп тұрғанын мойындайсың. Сыни реализм канондарын шығармасының өн бойына сыналап кіргізген автор социалистік қоғамның қаны сорғалаған шындығын шынның жүзінде отырып бойындағы буырқанған қызу қанымен жазып шықканына аямай қол соққын келеді. Мұндай шығарма мәңгі жасай берері хақ. Өйткені «өзін-өзі сақтау инстинкі» тек осындай өміршең туындының бойында жасырынып жатады.

Әрқашан ақиқаттың ауылынан алыстамайтын ақық суреткер кез келген шығармасында саясатты сырт айналып, өмірдің өзін өрнектегенді ұнатты. Әдебиеттің құдірет күші адамның қоғамдағы шынайы орнын анықтап беруімен ерекшеленетінін ешқашан естен шығармаған Жақсылық Түменбаевтың әр шығармасында тапқырлықпен айтылған тұшымды тұжырымдары қашанда оның өмірді өрнектеудегі өлшемімен һәм нанымымен астасып жатты. Болаттай берік позициясына ешқашан сатқындық жасамаған Жақаң инемен құдық қазғандай шығармашылығынан алдағы күні қайыр болатынына бек сенді. Біз де сеніп келеміз.

«Ауыл шетіндегі үй» повесінен тағы бір эпизод: –Айналайын балам, біздің үйдің желкесіне тау болып құм үйіліп қалғаны, енді болмаса үйді басып алатын түрі бар. Соны әрмен қарай ысырып тастай қоясыз ба? – деп өтінішін айтты.

Жігіт Омарғалиға қарап бұрылып тұрды.

– Не бересің?

– Жартылығыңды іш.

Жігіт басын шайқады.

– Екеуін берейін.

Бөлдезерші басын шайқады.

– Тіпті үшеуін, төртеуін берейін, әлгі Әшенді жығып алған ақшам бар ғой.

– Қызыңды берсең... – Жігіт тауып айтқан адамша жан-жағындағыларға мардымси қарады. Омарғали тас төбеге ұрғандай қалшиып тұрып қалыпты, адамға көп тік қадала бермейтін екі көзі әлгі жігіттің бүлк етпеген бетінен айырылар емес.

–Не дедің-әй, сен? – әлден уақытта тілге келді. – Не дедің сен, иттің баласы? – Омарғали көз ілеспес шапшаңдықпен жігіттің жағасынан ала түсті. «Мына жынды қайтеді-ей» деп шошып, жан ұшыра жұлқынған жігіт әшейінде сыртынан он екі мүшесінің алтауы жоқ деп мазақ қылатын жаман шалдың уысынан шығып кете алмады. Екінші бір жұлқынғанда екеуі ұмар-жұмар құлап түсті. Омарғалидың қолы сонда да ажырар емес, жігіттің алқымын сығып барады. Ол өзін ойлаудан қалғалы қашан?! Егер оның жартыкеш санасында дәл қазір бір сәуле болса, ол қызына арналған нұр еді, егер оның жарымжан жүрегінде махаббат ұшқыны қалса, ол да қызына арналған. Адам солай, жантәсілім еткенде де әуелі өзін емес, ұрпағын, перзентін ойлайды».

Өмір шындығын қаз қалпында беру үшін адамның ішкі дүниесін ақтарып-төңкеруден әсте жалықпаған Жақсылық Түменбаевтың салқынқандылық суын сарқып ішкен суреткер екені әр шығармасынан осылай атойлап тұратыны – қызық құбылыс. Ең алдымен, көркем шындықтың шыңына жету жолында өмір шындығынан ешқашан ауытқымай, сол ақиқатқа жүгініп отырып жазатынына жүрегің жібиді.

Тағдыр тәлкегіне түскен Омарғали («Ауыл шетіндегі үй»), от басының отын өшірмеген қазақ әйелдері Ботагөз («Қимас қазына»), Күлшат («Түп-тұнық сөз»), Балмейрам («Ауыл мен Алматының арасында»), Әлпеш («Лотерея билеті»), балаң таза махаббат кейіпкерлері Гүлжанат («Мен сүйген қыз»), Нәзия («Жыл айналып келгенше»), Жансерік («Аққозы»), қаланың күйкі тірлігіне көнген Қуандық («Туған ошақ жылуы») – қаламгер қиялы мен өмірлік тәжірибе синтезінен туған оқшау образдар. Жақсылық аға осы образдарын креативтік тұрғыдан алғанда мінсіз сомдай білгенімен алға озып тұр. Мұндай адамдар бұған дейін де болған, қазір де бар, бұдан кейін де бола береді. Дей тұра, Жақсылық Түменбаевтың осы типтік кейіпкерлерді саф алтындай сомдай білгендігінің арқасында өрнекті образдар шеруі оқырман жүрегінде жатталып қалды.

Жазушы кейіпкерлерінің астын сызып айтар тағы бір ерекшелігі, қай-қайсысы да басынан қандай тауқымет кешсе де, оқырман көңіліне кірбің түсірмейді. Оқырман ойында аяулы адамдармен шығарма арқылы араласқан аз уақыттан тек жылы да мұңды көңіл күй қалады. Адам жанының нәзік иірімін өзінің жанындай сезінетін қаламгер оқырман жүрегіндегі тығылып не тұншығып жатқан әлемнің сырын ашумен шектеліп қалмай, қам көңілді жұбататындай дәрумен қалыппен қайта қауыштыратынымен қайран қалдырады. Жақаң адамның жан дүниесіндегі сілкіністі сезімталдықпен және асқан ептілікпен өз көкірегіне үюмен тоқтап қалмайды. Ол сол жиған-тергенін әр жүректің өз жазуындай қайта жаңғыртып қайтаратынымен құнды. Сондықтан да образ құру схемасын шебер таңдап алған жазушының өзіндік шынайы қаламгерлік табиғатын жеке басының адами арына өнепейінгі адалдығынан іздеген де дұрыс деген тұжырымға келесің.

Жақсылық Түменбаев етек-жеңі кең, көкірегінде тазалық кептері ұя салған қарапайым жандардың өмірін арқау еткен «Қимас қазына», «Мен сүйген қыз», «Ауыл мен Алматының арасында», «Тасбөгет», «Туған ошақ жылуы», «Махаббат қорығы», «Көктайғақ», «Әке жыры» шығармалары да – оның талантты жазушы екенін дәлелдейтін дүниелер. Жазушының тағы бір ерекше қасиеті, ол өз шығармаларында жасанды конфликтіге бармады. Шеткейде, ел ішінде жетілген жазушы көрген-түйгенін қоңыраулатқаннан гөрі қоңыр әдіппен жазғанды жақсы көрді. Қазақтың мұңын жоқтады. Ұлтының табиғи тазалығын дәріптеп өтті.

Жақаң шығармашылыққа біржолата кіріскен сонау 70-80-жылдарда көркем өнердегі таптық доктрина, «социалистік гуманизмге» негізделген «жаңа адам» бейнесін жасау талаптары күшін толық жоймаса да, бұл жасанды ұғымдар солғын тарта бастаған шақ еді. Дәл сол кезде қазақ жазушыларының көбі бүкіладамзаттық гуманизм идеяларына иек артып, социализм идеологиясының шексіздігіне және сол кездегі қатып қалған қағидаларға күдікпен қарай бастаған. Жақсылық Түменбаев та сол кездегі алғашқы шығармаларынан-ақ адамның тарихи процестің субъектісі ретіндегі маңызына және болмыстың басқа формаларына қатысты әлемдік көркем әдебиет дамуындағы қалыптасқан дәстүрлеріне сүйенгенін байқау қиын емес. Осылайша, Жақсылық Түменбаевтың адамға деген идеялық-көркемдік қатынасынан оның шығармашылығының стильдік сипаты қалыптасты. Суреткердің өзіндік стилі оның адамға деген жаңа дербес көзқарасымен өмірге келді. Бұл – шығармаларында өмір шындығы мен заман келбетін көркемдік таным деңгейінен бағамдау процесін адам тағдырымен терең сабақтастыра білген Жақсылық Түменбаевтың тағы бір даралығы. Ол ең алдымен сөз өнерінің адамды жан-жақты танудағы рөліне баса назар аударды, адамдық аспектіге бетбұрыс жасау арқылы сөз өнерінің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалануға, көркемдіктің апогейіне жетуге ұмтылды. Осы бағдар оны қым-қиғаш тіршіліктің ұңғыл-шұңғылына қаймықпай үңілуге мүмкіндік берді. Сондықтан да Жақсылық аға жазушылық дебютінен жолы болды деп батыл айтуға болады.

Ой мен сезімді қатар өрген шығармаларында Жақсылық Түменбаевтың психологизм, публицистикалық сарын, философиялық түйін, лирикалық желі, характерлі баяндау сияқты көркемдік сипаттарға мән берумен қатар адам жанының ішкі иірімдеріне, оның өмірдегі орнына шұқшия үңіле білгені – қазақ әдебиетіне қосқан сүбелі үлесі. Осы тың үдеріс оның өмір шындығын бейнелеудегі және көркем бейне жасаудағы дербес стилі мен дара сөз саптауын қалыптастырғаны айқын.

Сыршыл да лирикалық сұлу прозасымен қазақ әдебиетінің өркендеуіне үлесін қосқан Жақсылық Түменбаевтың ұлттық болмысымызды шынайы бейнелеген шұрайлы шығармалары әлі талай оқырманын рухани сусындата берері анық.

Шархан ҚАЗЫҒҰЛ

ЖОЛСАПАР

БӘРІН АЙТ ТА, БІРІН АЙТ, ҚАРА ЖОЛДЫҢ ЖЫРЫН АЙТ...

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Бүгінгі жаһандану кезеңінде өркениетке ұмтылған әлем елдері үшін экономиканың басты күретамыры – жол. Елдің негізгі инфрақұрылымы назардан тыс қалмай, қара жолдың күтімі жақсарса, тұрмыс та түзеліп, туризм де түлейтіні анық. Мыңдаған шақырым қашықтықта жатқан ел мен елдің, қала мен даланың арасын жалғайтын жол мәселесі – қай заманда болса да, өзектілігін жоймайтын тақырып. Кейінгі кездері халықтың жанайқайын тудырған, айтыла-айтыла жауыр болған мәселелердің бірі де сол – сапасыз салынған жолдың жыры. Әсіресе, ондаған жыл бойы халықтың сынына ұшырап келген – Талдықорған мен Өскеменнің арасы...

Таяуда бір топ алматылық журналист бастапқы шығу нүктеміз Алматы қаласынан Жетісу облысына қарай бағыт алдық. «Жеті өзен өлкесі» атанып кеткен өңірге табан тіреуіміздің басты себебі – осы күнге дейін түйіні тарқамай келген «Талдықорған–Өскемен», «Үшарал–Достық» аралығындағы автожолдардың сапасын өз көзімізбен көріп, жолдың қазіргі ахуалын қалың бұқараға жеткізу еді. Көлік министрлігіне қарасты «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК мұрындық болған «Сапа керуені» атты ауқымды пресс-тур Алматы қаласынан бастап Жетісу облысындағы қазақ-қытай шекарасына дейінгі аралықты қамтыды.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖОЛ ЗЕРТХАНАСЫ САҒАТЫНА 60 ШАҚЫРЫММЕН ЖҮРЕДІ

Сапар алдында, ең алдымен, ЖАСҰО және сынақ зертханасының ішкі тынысын бақылап, қызметкерлердің жұмыс процесін көзбен көрдік. Қазір кәсіпорынның аймақтарда халықаралық ұйымның талаптарына сәйкес аккредиттелген 16 сынақ зертханасы бар. Орталықта жол сапасын анықтап, диагностика

жүргізуге мүмкіндік беретін жылжымалы жол зертханасы жұмыс істейді. Аталған зертхана кепілдіктегі немесе күтіп ұстау жолдарын да тексере алады. Мамандар былтыр шамамен 1 300 шақырым жолға тексеру жүргізген. Биылғы көрсеткіш бойынша, жылжымалы жол зертханасының көмегімен Алматы және Жетісу облысында 1381 шақырым жолдың сапасын бақылаудан өткізген.

– Жылжымалы жол зертханасында бірқатар құрылғы орналасқан. Оның ішінде, жолдың ақауларын бейнекамераға түсіретін, көліктің астында жолдың көлденең және тігінен тегістігін тексеретін, жолдың геометриялық параметрлерін бақылайтын, картадағы GPS координаттарын түсіріп алатын, сондай-ақ тәуліктік автокөлік жүру қарқындылығын өлшейтін құрылғы бар. Онымен қоса, екі тіркеме құрылғы іске қосылған. Тіркеме құрылғының бірі ірі дөңгелектің жолмен ілінісуін, яғни автокөлік тежелген уақытта қаншалықты жылдам тоқтайтынын өлшейді. Екіншіден, жолдың динамикалық серпінділік модулін, нақтырақ айтсақ, жүріп келе жатқан автокөліктердің салмағына қаншалықты төтеп бере алатынын өлшейтін құрылғы бар. Жылжымалы жол зертханасының жылдамдығы – 60 шақырым/сағ. Негізінен, қызметіміз маусымдық болуына байланысты әрі күн ашық кездері ғана жұмыс істеуге мүмкіндік болғандықтан жолға шығу кестесін ыңғайымызға қарай жоспарлаймыз. Қазір мұндай жылжымалы зертхана әрбір филиалымызда бар. Осының арқасында әр филиал өзіне қарасты жолдың сапасын тексере алады, – дейді «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК Алматы облысы бойынша филиалының маманы Дархан Қанатұлы.

160 МИЛЛИАРДТАН АСТАМ ҚАРАЖАТ БӨЛІНГЕН

Әрмен қарай БАҚ өкілдері мен Көлік министрлігіне қарасты Автомобиль жолдары комитетінің мамандары, Жол активтерінің Ұлттық сапа орталығы мекемесінің басшылық құрамы мінген автобус Талдықорған қаласына қарай жол тартты. Өткенге көз жүгіртсек, «Талдықорған–Қалбатау–Өскемен» автожолын қайта жаңарту жобасы осыдан бес жыл бұрын басталған. Алайда жолдың сапасы талапқа сай емес жүргізіліп, құрылыс жұмыстары тағы да сағызша созылған-ды. Себебі тексеру барысында жолдың тегістігі мен тығыздығына, су өткізгіштігіне қатысты біршама кемшіліктер анықталған. Мемлекеттен 160 миллиардтан астам қаражат бөлінген «Талдықорған–Өскемен» арасындағы жолдың жыры әлі күнге дейін толыққанды аяқталған жоқ. Оңтүстік пен шығыс өңірді байланыстыратын күрежолдың Жетісу облысындағы жөндеу учаскесінің ұзындығы 314 шақырымды құрайды. Қайта қалпына келтірудің нәтижесінде 32 шақырым жол бірінші техникалық санатқа, ал 282 шақырымы екінші техникалық санатқа ауыстырылған. Одан өзге 350-ден астам су өткізгіш құбырлар әзірленсе, 1500-ден астам жарықтандыру тіректері орнатылыпты.

Қазір Қазақстанда 95 мың шақырым жол бар. Оның 70 мыңы жергілікті жерге, ал 25 шақырым жол республикалық желіге қарайды. Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің ғылым және жұмыс сапасы басқармасының басшысы Нұртілек Хасеновтің сөзінше, биыл республика бойынша 12 мың шақырым жолға реконструкция, жөндеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Ел аумағын қамтитын осы бір 12 мың шақырым жолдың 7 800 шақырымы республикалық желіге тиесілі болса, 4 200 шақырымы жергілікті желі қатарына кіреді. Сұхбат барысында Нұртілек Хасенов құрылыс жұмыстары кешігіп жатқан жобалардың бар екенін, дегенмен жолдың уақытылы қолданысқа берілмеуінің бірнеше себебі барын атап өтті.

– Өзіміз тұрақтаған мына Талдықорған–Қалбатау–Өскемен жолы –768 шақырым. Қазір оның 750 шақырымында жаңа асфальт қабатымен жол қозғалысы ашылды. Сондай-ақ Жетісу облысы жаңа асфальтпен қамтамасыз етілді. Шығыс Қазақстан облысында да жол толықтай ашылса, Абай облысының аумағында жұмыс әлі күнге дейін жүргізіліп келеді. Бұл жолдан бөлек республикада 17 ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Биыл Талдықорған–Өскемен аралығынан өзге Қарағанды мен Алматы арасындағы жол құрылысын аяқтауымыз тиіс. Қазір Ақтөбе мен Қандыағаштың, Атырау мен Астраханьның арасында бірнеше жобаны жүзеге асырып келеміз. Жыл соңына дейін 7 000 шақырым жолды аяқтап, халықтың қолданысына беруді жоспарлап отырмыз, – дейді Н.Хасенов.

ЖОЛ САЛАСЫНДА МАМАНДАР ТАПШЫ

Осы ретте қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп отырған 12 мың шақырымның талапқа сәйкес келмеуіне не себеп деген сауал туындайды. Журналистердің сауалына жауап берген Нұртілек Хасенов бұл мәселеде бірнеше факторды алға тартты. Оның айтуынша, жөндеуге мұқтаж ойлы-шұңқыр жолдың негізгі бөлігі ондаған жыл бойы ешқандай жөндеу көрмеген.

– Біз алғашқы кезекте жұмысты жөндеу көрмеген жолдардан бастадық. Жолдың уақытылы қолданысқа берілмеуіне бірнеше себеп бар: жобалардың қаражат тапшылығына байланысты өз мерзімінде басталмауы, жоба құнының қымбаттауы, сапа мәселесі, пандемия әсері. Осы ретте жол саласында мамандардың тапшылығын да атап өткен жөн. Жоғарыда атап өткен бірнеше фактор жиынтығы жолға байланысты мәселелердің туындауына әкеліп соғады. Дегенмен қазір жұмыс кезең-кезеңімен жүргізіліп жатыр. Біз республикалық жолдарды 93 пайызды құрайтын нормативтік көрсеткішке, жергілікті желідегі жолдарды 89 пайызға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Республикалық жол бойынша қазіргі нормативтік көрсеткішіміз 92 пайыздың көлемінде болса, жергілікті желідегі көрсеткішіміз әзірге 87 пайызды құрайды, – дейді ол.

Биыл елімізде жол жөндеуге бөлінген бюджет құны – 500 млрд теңге көлемінде. Бірақ миллиардтаған қаржы бөлінуіне қарамастан республикалық бюджеттен жолға берілетін қаражатта тапшылық бар көрінеді. Осыған байланысты жол мәселесіне жауапты мамандар халықаралық қаржы институттарынан қаражат тарту арқылы жобаларды жүзеге асырып отырғанын айтады. Бұл ретте қаржы институттарының да өзіндік талаптары бар. Сәйкесінше, жобалардың құны да өзгеріп отырады.

– Біз ең алғашқы орында транзиттік дәліздерді қалпына келтіруіміз тиіс. Қытайдан Батыс Еуропаға шығатын дәліздер жасау қажет. Қазір осы жобаны жүзеге асыруға бағытталған перспективалық жобаларымыз бар. Биыл Батыс Қытай–Батыс Еуропа жобасы жұмыс істеп тұр. Транзиттік дәліздер экономикамыздың өркендеуіне, жолдың айналасындағы инфрақұрылымға, кәсіпкерлік субъектілердің дамуына ықпал етеді. Жолдың жөндеу жұмыстарын белгілі бір санмен шектеп қоюға болмайды. Жол – үздіксіз процесс. Реконструкциясы аяқталған кез келген жолдың өзіндік мерзімі бар. Бес жылдан кейін жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жол үздіксіз пайдалануда болғаннан кейін, мұны күтіп ұстаған жөн. Уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізбей, біз жолды ұзақ жылдар бойы сақтап тұра алмаймыз, – деп сөзін түйіндеді Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің ғылым және жұмыс сапасы басқармасының басшысы Н.Хасенов.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОЛДАРДЫҢ ШАМАМЕН 3000 ШАҚЫРЫМЫ АҚЫЛЫ

«Талдықорған–Өскемен» аралығындағы жол құрылысына Қытайдың CITIC Construction деп аталатын мердігер компаниясы тандап алынған. Қаржы көзі де – Қытайдың Эксимбанкі. Құрылысқа қосымша қаражат республикалық бюджеттен бөлінген. Жол сапасына жауапты мамандар мердігер мекеме ретінде Қытай компаниясын тарту ратификацияланған келісімшартқа сәйкес жүзеге асырылғанын жеткізді. Талдықорған мен Өскемен арасындағы жолдың кепілдік мерзімі – 10 жыл. Кепілдіктің толыққанды орындалуына «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» мекемесі жауапты болып бекітілген. Жалпы саны 768 шақырымды қамтитын Талдықорған–Өскемен аралығы 16 бөліктен тұрады. Сондай-ақ бүгінде республикалық жолдардың шамамен 3 000 шақырымы ақылы. Мамандар «Талдықорған–Өскемен», «Алматы–Қарағанды» сынды жолдардың реконструкция жұмысы аяқталып, толық іске қосылғаннан кейін оларды да кезең-кезеңімен ақылы жүйеге енгізетінін мәлімдеді.

2019 жылы ұзындығы 180 шақырымды алып жатқан «Үшарал–Достық» жолы қайта жаңартылып, 2023 жылы қолданысқа берілген. Бұл автожол Қазақстанды Қытай Халық Республикасымен байланыстырып тұр. Біз тұрақтаған Достық ауылындағы кезекті аялдама Қытай шекарасынан небәрі 4 шақырым қашықтықта орналасқан. Жоба негізінде 147 су өткізгіш құбыр орнатылып, 8 жаңа көпір мен қардан қорғайтын қоршау салынды. Сондай-ақ мұнда сыртқы жарықтандыру, санитарлық-гигиеналық тораптар мен павильондар қоса орнатылыпты. Учаскенің құрылысы барысында мердігерлермен 5 асфальт-бетон зауыты, 500-ден астам жол-құрылыс техникасы және 700-ге жуық жұмысшы жұмылдырылды. Мамандардың айтуынша, қызметкерлердің негізгі бөлігі жергілікті өңірден тартылған.

10 ПАЙЫЗЫ ТАЛАПҚА САЙ КЕЛМЕЙДІ

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК бас директоры Болатбек Айтбаев жоба басталғалы бері учаскелерге 429 инспекциялық шығу ұйымдастырылғанын атап өтті. Оның сөзінше, жол сапасына байланысты талапқа сәйкес келмейтін тұсы да жоқ емес. Жоба барысында 1,7 мың жол құрылысы материалдарының сынамасы іріктеліп, сынақтан өткізілген. Сапа сараптамасының нәтижесіне сүйенсек, нормативтік талаптарға сәйкес келмейтін 175 (10%) ЖҚМ сынамасы анықталған.

– Талдықорған–Қалбатау–Өскемен аралығын қамтитын жол құрылысы 2019 жылдан бастап іске асырылды. Қажетті технологияның барлығы нормативтік құжаттарымызда көрсетілген. Жөндеу жұмыстары сол құжаттар негізінде іске асады. Қолданыстағы техникалық жабдық көбіне шетелден әкелінеді. Осы күнге дейін 429 инспекциялық шығу ұйымдастырылды. Оның шеңберінде 1 640-қа жуық сынама зерттеуге алынды. Жолдың сапасына келер болсақ, 10 пайызы талапқа сәйкес келмеген. Сондықтан мердігер өз есебінен 341 млн теңгеге дейін қайта құру жұмыстарын жүргізді. Жол сапасын тексеру барысында жемқорлық фактілеріне жол бермес үшін кадр таңдау мәселесіне көңіл бөлеміз. Қызметкерлер бірнеше сынақтан, соның ішінде жылына екі рет аттестациядан өтеді. Сонымен қатар бізде қазір цифрландыру процесі жүзеге асырылып отыр. Сынамалар арнайы штрих-кодпен мөрленген пакетке салынады. Ең бастысы, сынама қай нысаннан келгені құпия сақталады. Біз жылына 10 мыңнан 11 мыңға дейін сынама аламыз. Кәсіпорын ашылған уақыттан бастап осы күнге дейін 146 мың сынама алынған. Былтыр нормативтік талаптарға сәйкес келмейтін сынамалардың 95 пайызы жергілікті жолдардан анықталды, – дейді Б.Айтбаев.

Жол мәселесіне қатысты тағы бір ескерерлік маңызды жайт, жол бойындағы жайлылық. Мамандар аталған қажеттіліктің де назардан тыс қалмағанын, қазір осы мәселені шешуді көздейтін жобалар іске асырылып отырғанын жеткізді.

– Жылы дәретханаларға байланысты жол бойында жағдай күрделі. Осы мәселені реттеу мақсатында жобаға 300 шақырымның әр 30-40 шақырым сайын сауда нүктесі бар орындардың жанына 10 жерде дәретхана салдық. Бірінші учаске биыл 21 шілдеде толық пайдалануға берілген. Учаскені Қытай компаниясы аяқтап, оның талапқа сай келетінін PK-Engineering деген техбақылау мекемесі тексерген, – дейді «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының директоры Нұрхат Ақылтаев.

> **2019 жылы ұзындығы 180 шақырымды алып жатқан «Үшарал–Достық» жолы қайта жаңартылып, 2023 жылы қолданысқа берілген. Бұл автожол Қазақстанды Қытай Халық Республикасымен байланыстырып тұр.**

Бәрін айт та, бірін айт, жауаптылар әлі күнге дейін құрылысы бітпей, жолаушыны әбден әбігерге салған 7 000 шақырымға созылған жолды жыл соңына дейін аяқтап, көптің қолданысына береміз деп уәде етіп отыр. Талай жылдан бері елдің көмейінде жүрген мәселенің шешімін табуына да аз уақыт қалған сыңайлы. Жол салу – асқан жауапкершілікті, ең бастысы, ашықтықты қамтамасыз етуді талап ететін жүгі ауыр жұмыс. Күрежол жауапсыздықты көтермейтінін басты қағида ретінде санамызға түйсек, бұл бағытта сапалы әрі өнімді жұмыстың атқарылуы әркез өзекті болып қала бермек.

AIQYN-LIVE

1 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

ЭЛЕМ ҚОЛӨНЕРШІЛЕРІ – ӘУЛИЕАТА ТӨРІНДЕ

Күні кеше әлем қолөнершілері Әулиеата төрінде бас қосып, үш күн тәжірибелерімен бөлісіп, ұрпаққа ұран болар із қалдырды. «Тараз – қолөнершілер қаласы» ұранымен үш күнге ұласқан шара «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешенінде түндігін түріп, оған Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Швейцария, Болгария, Моңғолия, Үндістан, Кувейт сияқты шет мемлекеттермен қатар, еліміздің Алматы, Шымкент қалалары мен Батыс Қазақстан облысының қолөнершілері ат ізін салды. Шеберлер өз қолдарынан шыққан бұйымдарын жұртшылыққа ұсынып ғана қоймай, өзара тәжірибе де алмасты.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Тағылымы мол шараның ашылуында қонақтарды Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Әбілхайыр Тамабек қарсы алып, көрменің өңірдің туристік әлеуеті үшін маңызын ерекше атап өтті.

– Ежелден Ұлы Жібек жолы бойындағы қолөнер және сауда орталықтарының бірі ретінде әлемге танымал болған тарихы терең Тараз қаласы 2022 жылдың 1 қазанында Дүниежүзілік қолөнершілер қалаларының тізіміне енгізілді. Бұл іс шараны біздің өңірдің мәдени-туристік саласындағы ең ірі оқиға деп санауға болады. Дүниежүзілік қолөнершілер қалаларының тізімі 2014 жылдан бері қалыптасып келеді және бүгінде бұл тізімге әлемнің 25 мемлекетінің 65 қаласы енген. Ал біздің қасиетті Таразымыз осы тізімге 56-шы болып енгізіліп, Қазақстанның алғашқы қолөнершілер қаласы мәртебесін иеленді. Бұл ауқымды оқиға өңірдің мәдени-рухани және туристік салаларының дамуына жаңа серпін беріп, облыс көлемінде қолайлы туристік ахуал құруға ықпал етеді, – деді Әбілхайыр Ғалымұлы.

Өз кезегінде сөз алған Қырғыз Республикасы қолөнершілер қауымдастығының президенті Нұрзат Жээнбекқызы Тараз қаласы мен қолөнершілер шаһарына келгендегі алғашқы әсерімен бөлісті.

– Киелі Тараз жеріне, ұрпақтан ұрпаққа ұлттық өнерді насихаттап, әлемдік қолөнершілердің халықаралық қауымдастығының мүшесі атанған шаһарға келу – мен үшін үлкен қуаныш. Шараға қатысушы барлық шеберлерді, әріптестерімді бүгінгі қолөнер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Тараз бұған дейін тасын түртсе, тарихы көрінетін шаһар ретінде танылса, енді міне дүниежүзілік қолөнершілердің басы тоғысатын алтын ордаға айналып отыр. Бұл Тараздың абыройын тағы асқақтататыны анық, – деді Қырғыз Республикасы қолөнершілер қауымдастығының президенті.

Мәртебелі меймандардың қатарында Санта-Фе халықаралық қолөнер көрмесінің басқарма кеңесінің кеңесшісі, АҚШ өкілі Lopez Carol Robertson, Тәжікстан өкілі Ахмадчон Одилович, «Хунарманд» қауымдастығының жетекшісі Сухроб Шодиев, Кувейт қолөнер қауымдастығының төрағасы Хусейн Али Албаззаз, Дүниежүзілік қолөнершілер кеңесінің президенті Саад Хани Аль-Каддумидің болғаны да көрменің бағасы мен беделін тағы биіктете түсті.

Көрме барысында Дүниежүзілік қолөнершілер кеңесінің өкілдері Тараздағы «Қолөнер үйі», «Мирас» жеке кәсіпкерлігі, «Аспара» колледжі, «Анаға тағзым» орталығы, «Жас қолөнерші», «Төркүл» керуен сарайы секілді нысандарға арнайы ат басын бұрып, қолөнер шеберханаларының жұмысымен танысты. Мұнда шеберлер өткен дәуірлердің қолөнершілері жасаған тарихи бұйымдармен, сондай-ақ заманауи өнер туындыларын тамашалады. Бұдан бөлек, шеберлік сағаттары ұйымдастырылып, онда қолөнер саласында ұзақ жыл тер төгіп келе жатқан шеберлер тәжірибе алмасып, өз жұмыстарын көрсетуге мүмкіндік алды. Одан әрі шара «Дәстүрлі және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласып, Aspara fashion сән көрсетілімімен жалғасты. Ал ұлттық құндылықтарды ұлықтаған мазмұнды шараның алғашқы күні гала-концертпен түйінделіп, эстрада жұлдыздары мен жергілікті өнерпаздар қонақтарға естен кетпес кеш сыйлады.

Халықаралық көрменің екінші күні Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков пен Дүниежүзілік қолөнершілер кеңесі өкілдерінің қатысуымен ұйымдастырылған борт-митингпен басталды.

Басқосуда әуелі шаһар басшысы сөз алып, қолөнер саласын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– 2014 жылдан бері қалыптасып келе жатқан Дүниежүзілік қолөнершілер қалаларының тізіміне бүгінде әлемдегі 25 мемлекеттен 65 қала енген. Ал бұл мерейлі мәртебеге Қазақстаннан тұңғыш рет Тараз қаласы қол жеткізді. Демек, бұл – тек өңіріміздің ғана емес, тұтас еліміздегі рухани-мәдени оқиға деп санауға болады.

Бүгінде қолөнерді дамыту мақсатында Таразда ілкімді істер қолға алынуда. Айталық, қазір көне шаһарда қолөнермен айналысатын «Өшпес мұра», «Қолөнер Тараз», «Қолөнершілер одағы», «Шебер Шаңырақ» қоғамдық бірлестіктері мен 190-ға жуық қолөнерші жұмыс істейді. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға бағытталған тағылымға толы іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Осы бағытта жұмыс істеуге ниетті кәсіпкерлерге де жарқын жобаларын жүзеге асыруда жан-жақты қолдау көрсетілуде. Сонымен қатар күні кеше шаһарда «Қолөнершілер үйі» өз жұмысын бастады. Мұнда қолөнер шеберлеріне барлық жағдай жасалған. Жастардың осында келіп, шеберлерден тәлім алуына да мүмкіндіктері мол. Осының нәтижесінде өскелең ұрпақтың қолданбалы өнерге қызығушылығы артып келеді, – деген Бақытжан Әмірбекұлы халықаралық көрменің жоғары деңгейде өтуіне атсалысып жатқан мәртебелі меймандарға алғысын жеткізді.

Ал Дүниежүзілік қолөнершілер кеңесінің президенті Саад-Аль-Каддуми Тараз шаһарындағы халықаралық көрменің ұйымдастырылу барысына жоғары бағасын берді.

– Осыдан екі жыл бұрын Тараз қаласы Дүниежүзілік қолөнершілер қалаларының тізіміне енген болатын. Содан бері халықаралық кеңес өкілдері қолданбалы өнерді дамыту бағытында осында атқарылған жұмыстарды әрдайым назарда ұстады. Жан-жақты зерделеу нәтижесінде кеңес сарапшылары бүгін Тараз қаласын ұйымның аккредитациясынан өткізуге шешім қабылдады. Осылайша, тарихы бай көне шаһар өзінің Дүниежүзілік қолөнершілер қалаларының тізіміне қосылуға лайық екенін толығымен дәлелдеді, – деген ұйым басшысы қала әкіміне Тараздың аталған тізімге енгенін растайтын Сертификатты ресми түрде табыс етті. Осылайша, Дүниежүзілік қолөнершілер кеңесі көне шаһарға деген адал да әділ бағасын беріп, құрметін көрсетті. Бұдан бөлек көрмеге белсене қатысқан қолөнер шеберлері аталған кеңестің сертификаттарымен марапатталса, саланы дамытуға үлес қосқан бірқатар азаматқа «Дүниежүзілік қолөнершілер ұйымына – 60 жыл» мерейтойлық медалі табысталды.

Көрменің үшінші күні қонақтар «Жеңіс» саябағына тал көшетін отырғызып, «Таза Қазақстан» акциясына өз үлестерін қосты. Сонымен қатар «Үшбұлақ» жағалауын тамашалап, жасыл-желекті шаһардың сұлулығына тәнті болды.

Үш күнге созылған қолөнершілер көрмесінің қорытынды жиынында Азия-Тынық мұхит аймағы қолөнершілерінің дүниежүзілік кеңесінің президенті Азиз Муртазаев сөз алып, қолөнер түрлерін дамыту мақсатында көне шаһарда жүзеге асырылып жатқан жүйелі жұмыстарына дән ризалығын білдірді.

– Тараз өзінің Дүниежүзілік қолөнершілер қалаларының тізіміне кездейсоқ таңдалмағанына тағы да көзіміз жетті. Бұл бағытта атқарылған ілкімді істер көңіл қуантады. Осы ретте ауқымды жұмыстарды үйлестіріп, дұрыс жолға қоя білген қала басшылығына ризашылығымды жеткізгім келеді. Енді олар осымен тоқтап қалмай, қолданбалы өнердің көкжиегін одан әрі кеңейте түседі деген сенімдемін, – деген Азиз Муртазаев шаһарға Дүниежүзілік қолөнершілер қалалары топтастырылған жинақ кітапты тарту етті.

Иә, осылайша, үшінші Дүниежүзілік қолөнершілер көрмесі Тараз төрінде дүркіреп өтті. Алайда қоғамда «қыруар қаржы бөліп, көрме өткізу қаншалықты қажет болды?» деген сұрақ туғанын да жасырмаймыз. Өйткені Дүниежүзілік қолөнершілер қалаларының тізіміне енген өзге елдерде көрме өткізуге қазынадан қаржы қаралмайтын көрінеді. Көптің көкейінде тұрған сауалдың түйінін қала әкімі Бақытжан Орынбеков тарқатты.

– Біз Дүниежүзілік қолөнершілер тізіміне енді ғана еніп отырған қаламыз. Сондықтан біздің қолөнершілер қазір қолдауды қажет етеді. Сол себепті қазынадан қаралған қаржының басым бөлігін қолөнершілерге қажетті материалдар алып беруге жұмсадық. Ал көрмеге орай ашылған «Қолөнершілер қалашығы» бұдан кейін де жұмыс істей беретін болады. «Шара өтті, бітті» деп барлығын жинап тастау дұрыс емес. Біз ең бірінші кейінгі ұрпаққа мұра қалдыруымыз қажет. «Қолөнершілер қалашығы» осы мақсатта жұмыс істейтін болады. Одан бөлек, ертең Ұлыстың Ұлы күні сынды ұлттық мерекелерді де осы қалашықта өткізу жоспарымызда бар. Сондықтан «көрме бізге не берді емес, одан не қалды?» деп ойлағанымыз абзал. Ал қолөнершілер көрмесі Тараз шаһарын төрткүл әлемге танытып қана қоймай, туризмізді дамытып, артында мол мұра қалдырып отыр, – деді шаһар басшысы Бақытжан Әмірбекұлы.

Қалай дегенде де, Тараздағы қолөнершілер көрмесін төрткүл әлем көрді. Енді одан қандай мұра қаларын уақыт көрсете жатар. Ең бастысы, ұлттық өнерімізді ұлықтаған мұндай шаралардан ұтпасақ, ұтылмайтынымыз анық.

ДЕНИС ТЕНДІ ЕСКЕ АЛАДЫ

3-5 қазан күндері «Барыс Арена» спорт кешенінде мәнерлеп сырғанаудан «Denis Ten Memorial Challenge 2024» V Халықаралық турнирі өтеді.

Турнирге 31 елден 120-ға жуық спортшы қатысады, олардың арасында Диас Жиренбаев (Қазақстан), Даниэль Грассль (Италия), Анастасия Губанова (Грузия), Старр Эндрюс (АҚШ), Алекса Ракич (Канада), Йе Куан және Ханна Лим (Оңтүстік Корея) және басқалары бар.

Жарыс екі санатта өтеді – ересектер мен жасөспірімдер, жеке конькимен сырғанау және мұз биі. Турнир 3 және 4 қазанда сағат 11.00-ден 20.00-ге дейін және 5 қазанда сағат 19.30-да марапаттау рәсімі мен гала-шоу өтеді. Іс-шара Қазақстанның туризм және спорт министрлігінің, Астана әкімдігінің және Sportqory қолдауымен ұйымдастырылады. Жарыс кестесі ұйымдастырушының, яғни «Денис Тен қоры» қоғамдық қоры @denistenfoundation ресми парақшасында жарияланады. Көрермендерге кіру тегін.

ҚАЖЫМҰҚАН ЖАЙЛЫ ЖАҢА ФИЛЬМ

10 қазаннан бастап Qajymuqan фильмі көрермен назарына ұсынылады. Бұл туынды Мәдениет және ақпарат министрлігі және Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілді.

Қажымұқан Мұңайтпасов – француз күресінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ, әлемдік, өңірлік, ресейлік, кейін бүкілодақтық супер ауыр салмақтағы классикалық күрес чемпионаттарының бірнеше дүркін жеңімпазы. Фильм режиссері Қанағат Мұстафин тарихи фильм сценарийіне 2012 жылы кіріскен. 2020 жылы түсірілімі басталған картинаны 10 жылдан астам уақыт зерттеп, үлкен экранға ұсынып отыр.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4503
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Кәмила ЕРКІН